



NAZARBAYEV  
UNIVERSITY

СИЛЛАБУС ӘЗІРЛЕУ:

# СИЛЛАБУС САПАСЫНАН ОҚЫТУ САПАСЫНА



Дуйшон Шаматов, Зумрад Катаева,  
Джейсон Спаркс, Аида Сағынтаева

Нұр-Сұлтан қ.  
2022



NAZARBAYEV  
UNIVERSITY

СИЛЛАБУС ӘЗІРЛЕУ:  
**СИЛЛАБУС САПАСЫНАН  
ОҚЫТУ САПАСЫНА**

Дуйшон Шаматов, Зумрад Катаева,  
Джейсон Спаркс, Аида Сағынтаева

Нұр-Сұлтан қ.  
2022

ӘОК 378  
КБЖ 74.58  
С40

Назарбаев Университеті Жоғары білім беру мектебінің оқу және оқыту комитеті 2022 жылдың 14 наурызында бекітілген.

Пікір жазғандар:

Мусабекова Гульвира Айдархановна,  
педагогика ғылымдарының кандидаты,  
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің  
академиялық қызмет жөніндегі проректор;

Еркін Нұрсағатқызы Жұманқұлова,  
педагогика ғылымдарының кандидаты,  
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің  
академиялық қызмет жөніндегі проректор.

Авторлары:

Дуйшон Шаматов, Зумрад Катаева, Джейсон Спаркс, Аида Сағынтаева

Дизайнер:

Дилара Писарева

**Силлабус әзірлеу: силлабус сапасынан оқыту сапасына. Әдістемелік құрал / Дуйшон Шаматов, Зумрад Катаева, Джейсон Спаркс, Аида Сағынтаева, – Нұр-Сұлтан: Назарбаев Университеті Жоғары білім беру мектебі, 2022. – 64 б.**

ISBN 978-601-348-319-1

*Ұсынылып отырған әдістемелік құрал «Білім беру бағдарламаларын әзірлеу: жоғары білім берудің жаһандық мәселелеріне жауаптар» монографиясының жалғасы болып табылады (Сағынтаева және т.б., 2021). Монографияда, негізінен, жоғары білім берудің теориялық негізі талқыланып, білім беру бағдарламаларын әзірлеудің Назарбаев Университеті тәжірибесіне негізделген нұсқаулығы ұсынылған. Әдістемелік құралда силлабус әзірлеуге арналған тұжырымдамалар, үрдістер және практикалық нұсқаулықтар ұсынылады. Мамандандыру саласы мен институционалды талаптарына сәйкес университеттердің силлабус әзірлеуде өзіндік дербес стандарттары болатындығы белгілі, дей тұрғанмен аталмыш құралда силлабус әзірлеудегі басты критерийлер мен ережелер толыққанды сипатталып талданады.*

ӘОК 378  
КБЖ 74.58

ISBN 978-601-348-319-1

© Назарбаев Университетінің  
Жоғары Білім беру мектебі, 2022

# МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	4
1. Силлабус әзірлеу.....	6
2. Курстың сипаттамасы.....	9
3. Оқыту нәтижелері.....	12
4. Курстың мазмұны мен құрылымы.....	17
5. Оқу және оқыту әдістері.....	23
6. Бағалау саясаты және тапсырмалар сипаты.....	30
7. Курстың саясаты.....	38
8. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі.....	43
9. Назарбаев Университетіндегі силлабус әзірлеу тәжірибесі.....	44
Қосымша.....	53
1-қосымша. Курс спецификациясының формасы.....	53
2-қосымша. Бағалау критерийлері.....	57

## КІРІСПЕ

Ұсынылып отырған әдістемелік құрал «Білім беру бағдарламаларын әзірлеу: жоғары білім берудің жаһандық мәселелеріне жауаптар» монографиясының жалғасы болып табылады (Сағынтаева және т.б., 2021). Монографияда, негізінен, жоғары білім берудің теориялық негізі талқыланып, білім беру бағдарламаларын әзірлеудің Назарбаев Университеті тәжірибесіне негізделген нұсқаулығы ұсынылған. Әдістемелік құралда силлабус әзірлеуге арналған тұжырымдамалар, үрдістер және практикалық нұсқаулықтар ұсынылады. Мамандандыру саласы мен институционалды талаптарына сәйкес университеттердің силлабус әзірлеуде өзіндік дербес стандарттары болатындығы белгілі, дей тұрғанмен аталмыш құралда силлабус әзірлеудегі басты критерийлер мен ережелер толыққанды сипатталып талданады.

Соңғы жылдары оқыту оқытушыға бағытталған дәстүрлі тәсілден студенттерге қарай бағдарланған тәсілге өтіп жатқаны байқалады. Дәстүрлі тәсілде студенттер енжар тыңдаушы ретінде ғана танылса, студентке бағдарланған оқытуда олар оқу үдерісінің белсенді қатысушыларына айналады, бұл жайт өз кезегінде оқытушылардың рөлі мен міндеттерін жаңартады. Оқытушылардың міндеті – студенттердің оқуына қолдау көрсету. Оқытушылар енді тек ақпараттың жалғыз көзі ретінде ғана жұмыс істемейді, студенттерді оқу үдерісіне біріктіріп отырады, мұнда силлабус студенттердің қажеттіліктерін қанағаттандыруы тиіс (Sanal, 2016).

Силлабус – оқытушы мен студенттердің арасындағы міндеттер мен күтілетін нәтижелерді белгілеп беретін негізгі келісімшарт. Ол, сондай-ақ, пәннің жалпы сипатын, маңызды кезеңдерін

және студенттердің дұрыс жолда екенін білуге көмектесетін жол картасы. Сонымен қатар ол, ең бастысы, студенттерге пәннің қаншалықты қызықты болатынын көрсетіп береді. Сапалы құрылған силлабус студенттерге пәннің оқытылу жайы мен өздерінен қанша жұмыстың талап етілетіндігі туралы жалпы түсінік береді (Nunan et al., 1988).

Силлабустың студенттерге арналған оқу бағдарламасы ретіндегі сапасы оқыту мен оқу сапасының сенімді көрсеткіші болып табылады (Woolcock, 2003), сондықтан сапасы жоғары силлабус құрастыру үшін оқытушылардың біраз күш салуы керек.

## 1. Разработка силлабуса

В главе рассматриваются радикальные изменения в характере труда и занятости людей в связи с наступлением Индустрии 4.0. Масштабы распространения Интернета и связанных с ним технологий массовой автоматизации приведут к тому, что новая промышленная революция произведет меньше рабочих мест, чем предшествующие преобразования общества. Вместе с тем информационно-коммуникационные технологии уникальны тем, что они всё время человека могут превратить в его рабочее время.

Данная глава разделена на две части. Прежде всего, мы предлагаем дискуссию о развитии моделей университетов в контексте Индустрии 4.0. Далее мы анализируем возможные последствия Индустрии 4.0. с точки зрения усиления неравенства в обществе и нарастания регионального разрыва между развитыми и развивающимися странами.

Эпоха узкоспециализированных профессионалов ушла в прошлое. Идеальный работник будущего — это творческий человек, обладающий компетенциями из других, зачастую даже не смежных, областей, быстро адаптирующийся ко всему новому. К сожалению, многие организации испытывают колоссальные трудности в неизбежном и необратимом процессе цифровой трансформации, потому что им не удастся изменить своих людей, свои навыки (знания) и свою организационную культуру. Меняется и система образования: ведущие университеты мира пытаются ин-

## 1. СИЛЛАБУС ӘЗІРЛЕУ

Силлабустың мақсаты – студенттерді курстың (пәннің) жалпы сипатымен таныстыру. Терең білімі мен тәжірибесі болғанының өзінде силлабус құрастыру үшін оқытушының өз курсының мазмұнын сипаттайтындай, оқу нәтижелерін қалыптастыра алатындай және т.б. дағдысы болуы қажет. Атап өтілгендей, жоғары оқу орындарының мамандандыру саласына немесе институционалды талаптарына байланысты силлабустың жазу стандарттары болуы мүмкін (төмендегі «Курс спецификациясының формасы» бөлімін қараңыз). Дегенмен силлабус әзірлеудің жалғыз «дұрыс» жолы болмаса да, оқытушылар әдетте мына мәселелермен келіседі:

- силлабус жазу көбінесе оқытушының студенттермен танысып, олардың бойында «тиімді» оқытуға деген әсер қалдырудың алғашқы қадамы болып табылады;
- сыйластық үлгісінде құрылған силлабус инклюзивті оқыту ортасын құруда маңызды рөл атқара алады;
- студенттердің курс туралы нені білуі қажеттігін нақты да қысқаша түсіну олардың жетістікке жетуіне көмектеседі.

Силлабус әзірлеу барысында оқытушы өз студенттері жайлы мыналарды білуі тиіс, атап айтқанда:

- курс кімге арналған – бакалаврларға ма немесе магистрант/докторанттарға ма?
- курсқа қанша студент тіркелген?
- студенттердің аталмыш пәнді оқуға дейінгі тәжірибесі, білім дағдылары қандай?

Силлабус әзірлеу барысында студенттің оқу жүктемесін ескеру қажет, ол Еуропалық несиелік аударымдар мен жинақтау жүйесіне (ECTS) сәйкес болуы керек. Оқу жүктемесі – курстың оқыту нәтижесіне (ары қарай – ОН) қол жеткізудегі студенттердің тапсырмалар мен оқу әрекеттерін орындауына бөлінетін қажетті уақыт. Бір ECTS бірлігі студенттің 25-30 сағаттық жұмысына пара-пар келеді, онда межелері курс түріне, деңгейіне байланысты өзгеріп отыратын оқытушы мен студент арасындағы байланыс уақыты, оқу әрекеттері қоса есептеледі.

Силлабус әзірлеудегі кәсібилік пен қатаң жол оқытушы жұмысының маңызды бөлігі болып табылады. Студенттердің курстан алатын оқу нәтижелерін сипаттайтын жоғары сапалы силлабус академиялық сапа мен стандартқа сәйкес келеді, бұл өз кезегінде білім беру бағдарламасы мен институционалды аккредиттеудің маңызды талабы болып саналады.

Силлабус әдетте мынадай бөліктерден тұрады:

1. Курстың сипаттамасы
2. Оқыту нәтижелері
3. Курстың мазмұны мен құрылымы
4. Оқу және оқыту әдістері
5. Бағалау саясаты және тапсырмалар сипаты
6. Курстың саясаты
7. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

«Курстың сипаттамасында» пән ауқымы, оның негізгі тақырыптары мен ұғым-түсініктері сынды аспектілерді, сонымен қатар пән материалдары туралы мәліметтерді ескеру қажет. Оқыту нәтижелерін әзірлеу барысында Блум таксономиясын қолданған жөн. «Пәннің мазмұны мен құрылымы» бөлімінде пәннің мазмұнын әзірлеп, оны сипаттау барысында ескерілуі тиіс басты факторлар мән тәсілдер беріледі. Оқыту мен оқудың нақты әдістерін қолдану ұстанымдары да талқыланып, студенттерге және/немесе құзыреттілікке бағдарланған белсенді оқыту, ізденіс пен зерттеу әрекетіне негізделген оқыту, проблемалық оқыту, флиппинг технологиясы және басқа да бірқатар тәсіл сипатталады. Студенттердің пән бойынша алған білімдерін бағалау үшін бағалау әдістерін таңдау



барысында ескерілуі тиіс негізгі ұстанымдар мен критерийлерді, сондай-ақ критерийлерді сынды бағалаудың тиімді жүйесін пайдалану ұсынылады. «Курстың саясаты» бөлімінде академиялық адалдық, оқудағы инклюзивтілік, сабаққа қатысу, бағалау ережелері және өзге де бірқатар қосымша саясат сияқты басты аспектілер қарастырылады. Аталмыш құралдағы ұсынымдар мен нұсқаулықтардың бәрі Назарбаев Университеті Жоғары білім беру мектебінің (ЖББМ) профессорлары әзірлеген арнайы силлабустардан келтірілді<sup>1</sup>. НУ-нің өзге мектеп профессорларының силлабус әзірлеу тәсілдері, мысалы, техникалық пәндер бойынша, сондай-ақ бакалавриат сияқты бағдарламалардың өзге деңгейі үшін өзгеше болуы мүмкін.

Силлабустың бұл маңызды құрамдастарының әрқайсысы төменде егжей-тегжейлі талқыланады.

---

<sup>1</sup> Назарбаев Университетінің Жоғары білім беру мектебі докторантура мен магистратура деңгейінде жоғары оқу орнынан кейінгі академиялық бағдарламаларды жүзеге асыра отырып, Қазақстанның білім беру жүйесіне ғылыми-зерттеу және басқарушы мамандарды даярлайды. Қосымша ақпаратты мына ресми веб-сайттан табуға болады: <https://gse.nu.edu.kz/ru/>

## 2. КУРСТЫҢ СИПАТТАМАСЫ

Силлабустың басында курстың атауы, оқытушының байланыс құралы және аудитория нөмірі көрсетіледі. Одан кейін курстың сипаттамасын қамтитын 1-2 абзацтық ақпарат беріледі.

Сипаттамада курстың көлемі, негізгі тақырыптары мен тұжырымдамасы ұсынылады, сондай-ақ курс тақырыптары туралы ақпарат беріледі. Былайша айтқанда, оқытушы ұтымды да нақты сипаттаманы қолдана отырып, студенттерді қызықтыруға тырысады. Яғни оқытушы тақырыптарды тізіп қана қоймай, студенттердің аталмыш пәнді оқуда алған білімдерін қалай пайдалана алатынын танытуға ұмтылады.

Оқытушы курс бағдарламасында қандай маңызды идеялар мен мәселелерді қарастыратындығы жайлы ойластыруы керек. Курсты оқығаннан кейін студенттер қандай тақырыптарды қолдана алады? Бұл тәрізді сұрақтарға жауап беріп, курстың мақсатын айқындау аса маңызды, өйткені ол оқытушы студенттерден, ал студенттер таңдаған курсынан не күтетіндігін түсінуге көмектеседі.

Оқытушы курсты сипаттау барысында мынадай мәселелерді ескеріп отыруы қажет:

- Студенттер оқу барысында нені үйренеді, яғни қандай білім дағдыларды игереді?
- Білім дағдыларды меңгеру студенттерге не үшін маңызды?
- Курс студенттердің кәсіби маман ретінде қалыптасуына қалай көмектеседі?
- Студенттер курс аясында нені үйренеді (мысалы, қандай тапсырма, іс-әрекеттер, т.б. болады)?

- Қандай оқыту әдістері пайдаланылады және олар студенттердің білім алуына қалай көмектеседі?
- Курс оқу бағдарламасына қалай сәйкес келеді?
- Курстың пререквизиттері бар ма?

Төменде НУ ЖББМ оқытушыларының әзірлеген силлабустарынан курс сипаттамасының мысалдары келтіріледі.

### 1-мысал. «Зерттеу әдістері» курсының сипаттамасы

Курс бағдарламасында зерттеу әдіснамасына шолу жасалады. Сондай-ақ курс студенттердің зерттеу үдерісін түсінуге қажетті білім дағдыларын дамытуға: өз идеяларын жасақтаудан зерттеу мәселелерімен айналысуға дейін, зерттеу әдістерін тиімді таңдаудан респонденттерді (қатысушыларды) дұрыс іріктеп, оларды интерпретациялауға дейін көмектеседі. Бұдан бөлек студенттер өздерінің жеке қызығушылығын оятқан тақырыптары бойынша зерттеу жүргізіп, оны сыни тұрғыдан бағалауға үйренетін болады.

### 2-мысал. «Мұғалім кәсібилігі» курсының сипаттамасы

Аталмыш курс мұғалімнің кәсіби сәйкестілігі теориясына шолу жасайды. Студенттер кәсіби сәйкестілік теориясын ұлттық және халықаралық мәнмәтіндерде талдай отырып, кәсіби сәйкестілікке қатысты өз тәжірибелерін сыни тұрғыдан сараптайтын болады. Олар жетекші ғалымдардың осы тақырыпқа қатысты еңбектерін талдайды. Курс аясында Орталық Азия мұғалімдерінің кәсіби ерекшеліктері; мұғалім мәртебесі; жас мұғалімдердің кәсіби әлеуметтенуі; мұғалімнің жұмыс жүктемесі; мұғалімдердің ынтымақтастығы; білім беру реформасындағы мұғалім тұлғасы; мұғалім көшбасшылығы сынды тақырыптар қамтылады. Курс студенттердің өз кәсіби сәйкестілігін қайта қарап, өздерінің болашақ тұлғалық әрі кәсіби рөлдерін қайта ой елегінен өткізуге ықпалдасады.

### 3-мысал. «Қазақстандағы және шетелдегі білім беру реформаларын контекстендіру» курсының сипаттамасы

Аталмыш курс білім беру реформасын контекстендіріп, магистратура бағдарламасы бойынша білім беру көшбасшылығын меңгертудің негізін қалайды. Курс студенттердің назарын отандық жүйеге айрықша аударып, білім беру жүйесін сыни тұрғыдан жан-жақты талдай алу мүмкіндіктерін дамытуға септеседі. Сондай-ақ Қазақстан білім беру реформасын уақыт пен кеңістік мәнмәтінінде қарастыра отырып, студенттерге әртүрлі білім беру мәселелерін үйренудің әдіс-тәсілдерін ұсынады. Курстың жалпы мақсаты – студенттердің білім беру саласындағы ағымдық мәселелерді кеңірек түйсініп, бастама жасауға және білім беруді теориямен, білім беру саясатымен және өз тәжірибелерімен ұштастыра отырып реформалауда сыни тұрғыдан ойлай білуге үйрету.

**Төменде практикалық жаттығулар ұсынылды.**

***1-жаттығу.*** *Курсыңыздың сипаттамасын беруге тырысыңыз.*

**Курстың сипаттамасы:**

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

### 3. ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ

Оқыту нәтижелері (ОН) – курсты аяқтағаннан кейін студенттерден нені тануы күтілетінін сипаттайтын силлабус бөлімі. Оқытушылар ОН-ін білім беру бағдарламасының барлығына, Еуропалық біліктілік аясына, Дублин дескрипторларына және басқа да көрсеткіштерге сәйкес келетіндей етіп құрылымдап, нақты, өлшемді, қолжетімді, өзекті және уақыт жағынан тиімді (SMART – Specific, Measurable, Achievable, Relevant, Time bound) етіп қалыптастыруы қажет. Курстың оқыту нәтижелері, бағдарламаның оқыту нәтижелері, түлектер сипаты және университет мүддесі өзара тығыз байланысты болуы керек.

Құрылымдық жағынан үйлесімді құрылған силлабуста мына бөліктер өзара нақты байланысты болуы тиіс:

- оның міндеттері арқылы көрсетілген бағдарлама мақсаты;
- академиялық деңгей;
- оқыту нәтижелері;
- курстың мазмұны мен құрылымы;
- оқу және оқыту әдістемесі;
- бағалау, оның әдістері.

ОН студенттерге бағдарланған оқытуға баса назар аударып, дәрежелерді тануға ықпалдасу, студенттердің ұтқырлығын қолдау және өмір бойы білім алуға септесу арқылы Болон үдерісінің ұстанымдарын нығайтады.

ОН оқытушыларға:

- курс материалдарын тиімдірек құрастыруға;
- ОН-іне сәйкес келетін бағалау және оқу стратегияларын таңдауға;
- ОН негізінде бағалау критерийлерін белгілеуге;
- оқу нәтижелеріне қарай студенттердің үлгерімін бақылауға;
- студенттердің кәсіби дамуы үшін курсты меңгеру керектігіне ынталандыруға көмектеседі.

ОН студенттерге:

- курстан не күтуге болатынына;
- оқудағы қажеттіліктеріне/қызығушылықтарына сәйкес келетін курстарды таңдауға;
- өзінің оқу үлгерімі мен кемшіліктерін анықтауға көмектеседі.

Оқыту нәтижесі ретінде студенттердің пән соңына дейін меңгеруі тиіс білім дағдылары қалыптасады. ОН курстың жалпы сипатын танытуы тиіс. Ол мынадай болуы қажет:

- білім алушыларға бағдарланған (мысалы, «Осы курстың соңында студенттер \_\_\_\_\_ болуы керек»);
- әрекетшіл (мысалы, оқытушы оқу үдерісін бақылай алатындай «қолдану», «сипаттау», «анықтау» және т.б. сияқты әрекеттер жасауы керек);
- өлшеулі (мысалы, студенттер курсты оқуда өз мақсатына жету үшін басқаша не істер еді?).

Оқыту нәтижелері, оқу әрекеті және бағалау өзара тығыз байланысты болуы қажет. Оқытушылар ОН-нің курсты бағалауға сәйкес келуін қамтамасыз етуі керек, яғни бағалаудың студенттердің оқу нәтижелеріне жететіндігін нақты өлшей алатындығына көз жеткізулері қажет. Егер олар келісілмеген болса, онда ОН-іне немесе бағалау жүйесіне түзету енгізу керек. Оқыту нәтижелері оқу әрекеттерінің (сабақ уақытында не істейтініңіз сияқты) пән нәтижесі мен оның бағасына сәйкес келуін қамтамасыз етеді.

## Төменде оқыту нәтижелеріне тиімді жетудің жеті қадамын ұсынамыз.<sup>2</sup>

**1-қадам.** Миға «шабуыл» жасап, курсыңыздың соңында студенттердің біліп, түсініп және/немесе көрсете алуы тиіс негізгі білім дағдыларын анықтаңыз. Студенттер курстың қандай басты қырларын меңгеріп шығуы тиіс? Олар қандай дағдыларды үйреніп шығуы керек? Курс білімнің қандай салаларымен байланысты? Сондай-ақ бағдарламаның оқыту нәтижелері университет түлектерінің сипатына (атрибутына) қол жеткізуге септесуі тиіс.

**2-қадам.** Оқыту нәтижелерін анықтау кезінде тепе-теңдікті сақтау танымдық, жалпы және практикалық дағдыларды қамтуы қажет. ОН-нің қалыптасуында тым күрделі сөйлемдерден аулақ болыңыз.

**3-қадам.** ОН-ін бағдарлама мақсаттарымен, оқыту, оқу және бағалау әдістерімен сәйкестендіріңіз. ОН-ін әзірлеу барысында құрылымдық келісім ұстанымын басшылыққа алыңыз. Мысалы, Назарбаев Университетінде ОН курсы НУ-нің миссиясымен, НУ түлегі сипатымен, бағдарлама/курс мақсаттарымен және білім беру бағдарламасының оқыту нәтижелерімен сәйкес келуі керек. Бағдар, нұсқаулық ретінде пән дескрипторлары мен аккредиттеу ұйымдарының талаптарын пайдаланыңыз. Курстың оқыту және бағалау әдістері оқыту нәтижелеріне қол жеткізуге сәйкес келетіндей әрі оларды қолдайтындай болып құрылуы қажет.

**4-қадам.** ОН-ін ұтымды да түсінікті етіп, яғни нақты (курс бойынша), өлшемді (олардың жетістіктерін бағалауға болатындай), қолжетімді, өзекті, уақыт жағынан тиімді (белгілі бір кезең ішінде), мазмұнын бір етістіктен аспайтындай етіп әзірлеңіз. ОН-і шамамен 5-7 нәтижеден тұрғаны дұрыс. «Біл, бағала, ойлан, таныс, үйрен, терең білімді бол, оқы, құзіретті бол» сынды екіұшті сөздерден аулақ болыңыз. ОН-і студенттерге түсінікті болуы керек.

---

<sup>2</sup> Қосымша мәлімет алу үшін мына дереккөздерді пайдалануыңызға болады: Anderson, L. W. and Krathwohl, D. R., et al (Eds.) (2001) A Taxonomy for Learning, Teaching, and Assessing: A Revision of Bloom's Taxonomy of Educational Objectives. Allyn & Bacon. Boston, MA (Pearson Education Group).

**5-қадам.** ОН-ін әзірлеуде Блум таксономиясын пайдаланыңыз. Онда бакалавриат бағдарламалары үшін негізгі дағдылардан бастап, магистратура бағдарламалары үшін күрделірек және докторантура бағдарламалары үшін ең жетілдірілгенге дейін біртіндеп қиындайтын белсенді етістіктердің тізімі берілген.

**6-қадам.** Курстың концептуалды күрделілігі туралы ойланыңыз. ОН-нің бағдарлама түріне және оқу жылына сәйкес келетініне көз жеткізіңіз. Студенттердің бағдарлама барысындағы оқу үлгерімі ОН-нің бірте-бірте жетілдіріліп отырған күрделілігіне байланысты болады.

**7-қадам.** Құрылымды басшылыққа алыңыз. ОН-ін сипаттауды: «Курсты сәтті аяқтағаннан кейін студенттер ... қол жеткізе алады» мәлімдемесінен бастаңыз. Нысаннан кейін келетін етістікке және курс мазмұнының сипаттамасымен бірге көрсетілетін оқудың тереңдігі мен ауқымдылығын анықтайтын тілдік құрылымға назар аударыңыз.

Төменде НУ ЖББМ оқытушылары әзірлеген силлабустардан курстардың оқыту нәтижелері келтіріледі.

### 1-мысал. «Зерттеу әдістері» курсының оқыту нәтижелері

Курсты аяқтағаннан кейін студенттер:

- білім беру саласындағы зерттеулердің құрамдас бөліктерін анықтай алады;
- білім берудегі зерттеудің негізгі түрлерін сипаттап, тани алады;
- білім беру зерттеулеріндегі басты теориялық, әдістемелік және әдеп мәселелерін сыни тұрғыдан талдай алады;
- деректерді жинап, оларды талдаудың негізгі сандық және сапалық әдістерін қолданып, түсіндіре алады;
- білім беру зерттеулеріндегі әдеп мәселесімен айналыса алады;
- өздерін қызықтыратын тақырыптар бойынша шағын білім беру ғылыми жобаларын жоспарлап, әзірлей алады.



## 2-мысал. «Мұғалім кәсібилігі» курсының оқыту нәтижелері

Курсты аяқтағаннан кейін студенттер:

- кәсіби сәйкестіктің негізгі теориялық тұжырымдамаларын сыни тұрғыдан талдай алады;
- мұғалімнің кәсіби тұлғасының әртүрлі тәсілдері мен дәстүрлерін ажырата алады;
- ұлттық және халықаралық деңгейде мұғалім мамандығы жөніндегі эмпирикалық әдебиеттерді талдай алады;
- өз кәсіби өмірі туралы ойланып, оларды кең тұрғыдағы зерттеулермен байланыстыра алады;
- кәсіби сәйкестік пен оның рөлін өз өмірінде терең түсінгенін көрсете алады.

## 3-мысал. «Қазақстандағы және шетелдегі білім беру реформаларын контекстендіру» курсының оқыту нәтижелері

Курсты аяқтағаннан кейін студенттер мыналарды біліп шығарды деп күтіледі:

- Қазақстанның және Орталық Азияның басқа елдерінің білім беру жүйесінің тарихи және мәнмәтіндік ерекшеліктерін талқылап, олардың білім беру реформасын жүзеге асырудағы ықпалын сараптай алады;
- тәуелсіздік алғаннан бергі Орталық Азия елдеріндегі білім беруді реформалау бастамаларына сыни талдау жасай алады;
- Орталық Азиядағы білімге қатысты ақпарат көздерін танып, талдап, синтездей алады;
- білім беруді реформалауға қатысатын әртүрлі мүдделі тараптардың рөлі мен үлесін бағалай алады.

**Төменде практикалық жаттығу ұсынылды.**

*2-жаттығу. Жоғарыда келтірілген идеялар мен мысалдарды пайдалана отырып, өз курсыңыздың оқыту нәтижелерін (ОН) жасақтаңыз.*

Курстың оқыту нәтижелері:

1. \_\_\_\_\_
2. \_\_\_\_\_
3. \_\_\_\_\_
4. \_\_\_\_\_
5. \_\_\_\_\_
6. \_\_\_\_\_

## 4. КУРСТЫҢ МАЗМҰНЫ МЕН ҚҰРЫЛЫМЫ

Курс мазмұны тиісті бақылау көрсеткіштеріне (мысалы, аккредиттеу ұйымдарының талаптарына) негізделуі тиіс. Курстың мазмұнын әзірлеуде мына мәселелерді есепке алу қажет:

- Бұл материал оқыту нәтижелеріне жетуге көмектесе ала ма?
- Бағалау және оқыту әдістері курстың мазмұнына сәйкес келе ме?
- Курс белсенді оқытуға ықпалдаса ала ма?

Курстың мазмұны аккредиттеудің, мемлекеттік стандарттың, саланың/жұмыс берушінің және/немесе аккредиттеу ұйымдарының (мысалы, инженерлік бағдарламалар үшін АВЕТ) критерийлерімен сәйкес келуі керек. Курс мазмұнына, сонымен қатар, әсіресе, жоғары оқу орнынан кейінгі бағдарламаларда оқытушылардың ғылыми мүдделері айрықша ықпал етуі мүмкін.

Курстың мазмұнын әзірлеуде басшылыққа алынуы тиіс өзге де маңызды факторлар мен тәсілдер:

- білім беру бағдарламасының оқыту нәтижелерін үйлестіріп, қамтамасыз ету мақсатында бір білім беру бағдарламасы аясындағы курс оқытушыларының ынтымақтастығы;
- жай ғана қабылдаудан гөрі мазмұнды таңдау;
- негізгі мазмұн (курстың оқыту нәтижелеріне қол жеткізу үшін) мен оқыту нәтижелеріндегі «білгенге жағымдының» арасындағы айырмашылық;
- оқыту тәсілдеріне әсер ету үшін мазмұнды мұқият таңдау;

- ынталандыратын мазмұнды таңдау студенттерге пәннің ОН-іне жетуіне көмектеседі (бұл тұста алдыңғы курс студенттерінің кері байланысы пайдалы болуы мүмкін).

**Төменде НУ ЖББМ оқытушылары әзірлеген силлабустардағы курс құрылымдарының (кестелерінің) мысалдары келтіріледі.**

**1-мысал. «Зерттеу әдістері» курсының құрылымы (кестесі)**

Күні	Тақырыбы	Ресурстары
25 тамыз	Білім беру зерттеулеріне кіріспе	Creswell (2014). Chapter 1
26 тамыз	Зерттеу тақырыбы және зерттеу мәселелері	Creswell (2014). Chapter 2
27 тамыз	Әдебиеттерге шолу	Creswell (2014). Chapter 3
28 тамыз	Зерттеу жобаларын түсіндіру	Creswell (2014). Chapter 4
14 қазан	Сандық әдіс: Сандық әдіс зерттеуінің сипаттамасы	O'Dwyer & Bernauer (2014). Chapters 3 and 4
15 қазан	Сандық зерттеулерді жоспарлау түрлері: тәжірибелік, корреляциялық, сауалнама	Creswell (2014). Chapters 10, 11 and 12
16 қазан	Сандық мәліметтерді жинау	Creswell (2014). Chapter 5
19 қазан	Сандық мәліметтерді талдап, түсіну	Creswell (2014). Chapter 6
20 қазан	Сандық мәліметтерді талдап, түсіну	Creswell (2014). Chapter 6
21 қазан	Сапалық әдіс. Сапалық зерттеу сипаттамасы	Glesne (1999) Chapters 1 and 2
22 қазан	Сапалық зерттеуді жоспарлау түрлері	Glesne (1999). Chapter 3

Дата	Тема	Ресурсы
23 қазан	Сапалық зерттеу жүргізудің стратегиялары: сұхбат, фокус-топтар	Glesne. Ch 4. Creswell (2014) Ch 7
26 қазан	Сапалық мәліметтерді жинау	Glesne (1999). Chapter 5
27 қазан	Сапалық мәліметтерді талдап, түсіну	Glesne. Chapter 7. Creswell. Chapter 8
28 қазан	Комбинаторлық (аралас) әдіс	Creswell (2014). Chapter 16
29 қазан	Зерттеу жобаларын таныстыру	Creswell (2014). Chapter 17
30 қазан	Қорытынды жасау және курсты бағалау	

## 2-мысал. «Мұғалім кәсібилігі» курсының құрылымы (кестесі)

№	Күні	Тақырыбы	Ресурстары	Тапсырмаларды өткізу мерзімі
1	26 мамыр (таңертең)	Курсқа кіріспе. Кәсіби сәйкестілік	Sachs, J. (2001). Teacher Professional Identity: Competing Discourses, Competing Outcomes. <i>Journal of Educational Policy</i> . 2001, 16(2), 149-161.  Newborn, D. & Tyminski, A. (2006). Lortie's apprenticeship of observation revisited. <i>For the learning of mathematics</i> , 26(3).	
2	26 мамыр (түстен кейін)	Орталық Азиядағы ұстаздық кәсіп	Silova, I. (2009). The Crisis of the Post-Soviet Teaching Profession in the Caucasus and Central Asia. <i>Research in Comparative and International Education</i> , 4(4), 366-383.  UNICEF. (2011). Teachers: A regional study on recruitment, development and salaries of teachers in the CEECIS region (Chapters 1, 2 and 3).	

№	Күні	Тақырыбы	Ресурстары	Тапсырмаларды өткізу мерзімі
3	27 мамыр (таңертең)	Мұғалімдердің жұмысы және интенсификация	Hargreaves, A. (1995). <i>Changing teachers, changing times: Teachers' work and culture in the postmodern</i> . London: Cassell.	
4	27 мамыр (түстен кейін)	Орталық Азиядағы мұғалімдер кәсібилігі  Др Ниёзовтың онлайн таныстырылымы (Торонто университеті)	Niyozov, S. (2011). Revisiting teacher professionalism discourse through teachers' professional lives in post-Soviet Tajikistan. In Silova, I. (Ed.), <i>The challenges of education reform: Central Asia in a global context</i> . Greenwich CT: IPA Publishing.	
5	28 мамыр (таңертең)	Мұғалім жұмысы және ынтымақтастық	Hargreaves, A. (1995). <i>Changing teachers, changing times: Teachers' work and culture in the postmodern</i> . London: Cassell.  Fullan, M., & Hargreaves, A. (1991). <i>What's Worth Fighting For? Working Together for Your School</i> . Toronto: Ontario Public School Teachers' Federation.	Сыни тұрғыдан ойлау 1
6	28 мамыр (түстен кейін)	Қазақстан мұғалімдерінің ынтымақтастығы  Др Аюбаеваның онлайн таныстырылымы	Ayubayeva, N. (2018). <i>Teacher collaboration for professional learning: Case studies of three schools in Kazakhstan</i> (Doctoral dissertation, University of Cambridge).	
7	29 мамыр (таңертең)	Жас мұғалімдерді кәсіби әлеуметтендіру	Zeichner, Kenneth M., & Gore, Jennifer M. (1990). Teacher socialization.  UNICEF. (2011). <i>Teachers: A regional study on recruitment, development and salaries of teachers in the CEECIS region</i> (Chapter 4).	

№	Дата	Тема	Ресурсы	Срок сдачи заданий
8	29 мамыр (түстен кейін)	Білім беру реформасы мәнмәтініндегі мұғалім рөлі  Др Э. Уилсонның онлайн таныстырылымы (Кембридж университеті)	Wilson, E., Turner, F., Sharimova, A., & Brownhill, S. (2013). Reform at scale: Teacher development in Kazakhstan. <i>European Educational Research Association</i> .  Wilson, E., & Sharimova, A. (2019). Conceptualizing the implementation of Lesson Study in Kazakhstan within a social theory framework. <i>International Journal for Lesson and Learning Studies</i> .	
9	1 маусым (таңертең)	Мұғалімнің белсенді кәсібилігі	Sachs, J. (2003). <i>The activist teaching profession</i> . Buckingham: Open University Press.	Сыни тұрғыдан ойлау 2
10	1 маусым (түстен кейін)	Қазақстанда педагогикалық көшбасшылықты дамыту	York-Barr, J., & Duke, K. (2004). What do we know about teacher leadership? Findings from two decades of scholarship. <i>Review of educational research, 74</i> (3), 255-316. A  Frost, D. (2018). HertsCam: A Teacher-Led Organisation to Support Teacher Leadership. <i>International Journal of Teacher Leadership, 9</i> (1), 79-100.  Kanayeva, G. (2019). <i>Facilitating teacher leadership in Kazakhstan</i> (Doctoral dissertation, University of Cambridge).	
11	2 маусым (таңертең)	Мұғалім мәртебесі және мұғалімнің Жаһандық сыйақысы (Global Teacher Prize)	Hoyle, E. (2001). Teaching: Prestige, status and esteem. <i>Educational Management &amp; Administration, 29</i> (2), 139-152.  MacBeath, J. (2012). Future of Teaching profession for Education International Research Institute.	

№	Дата	Тема	Ресурсы	Срок сдачи заданий
12	2 маусым (түстен кейін)	Қазақстандағы Педагог мәртебесі туралы Заң	National Report of Education Condition and Development of Education System of Republic of Kazakhstan by IAC, 2018.	
13	3 маусым (таңертең)	Жаңа либералдық өзгерістер мәнмәтініндегі мұғалімдер	Hargreaves, A. and Shirley, D. (2009). The fourth way: The inspiring future for educational change. Thousand Oaks: Corwin, A Sage Company.	Сыни тұрғыдан ойлау 3
14	3 маусым (түстен кейін)	Мектептер кәсіби білім беру қоғамдастығы ретінде	Hord, S. & Sommers, W. (2008). Leading professional learning communities: Voices from research and practice. Thousand Oaks: Corwin Press.  DuFour. What is a «professional learning community»? <i>Educational leadership</i> , May 2004.	
15	4 маусым (таңертең)	«Қазақстандағы мұғалім кәсібі» топтық таныстырылымы  Курсқа шолу Курсты бағалау	Топтағы таныстырылым (болжамды тақырыптар) 1) Қазақстанда мұғалімдерді даярлау (ҰБТ-ін талдау негізінде) 2) Еңбек жолын жаңадан бастаған мұғалімдердің тәжірибесі 3) Жаңартылған оқу бағдарламалары мәнмәтініндегі мұғалімдер 4) Қазақстан мектеп мұғалімдерінің ынтымақтастығы 5) Мұғалімдер көшбасшылығы 6) Белсенді кәсібилік	

**Төменде практикалық жаттығу ұсынылды.**

*3-жаттығу. Кестені толтыра отырып, курстың құрылымын анықтаңыз*

Күні	Тақырыбы	Тапсырма/Әдебиет	Тапсырмаларды орындау мерзімі

## 5. ОҚУ ЖӘНЕ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІ

Оқу және оқыту әдістері шығармашылыққа, жаңашылдыққа, мәселелерді шешуге бағытталған. Оқу мен оқытудың таңдалған әдістері:

- курс бойынша оқытудың оң нәтижелерін қолдайды;
- оқытуға бағытталған жалпы бағдарламалық тәсілдерге сәйкес келеді;
- білім алушыларды оқу және бағалау шараларына тартады;
- әртүрлі топ студенттерінің қажеттіліктерін есепке алып отырады.

Сонымен қоса силлабустағы тәсілдер көшіріліп алына салмауы тиіс, әрбір педагогтың академиялық еркіндігін құрметтеуіміз керек. Басымдық студентке бағдарланған немесе құзыреттілікті негізге алған педагогикаға берілуі мүмкін.

Оқытушы оқыту әдістерін оқыту нәтижелерінен іріктеп, таңдап алады. Белгілі бір пәнге арналған силлабус аясында оқытушы студенттер меңгеруі тиіс базалық немесе негізгі ұғымдарды анықтай алады, ол үшін студенттердің мақсатқа жетуіне көмектесетін әдістерді қолданады. Егер оқыту нәтижелерінде (ОН) білім дағдылар біршама жоғары деңгейді көрсетсе, сәйкесінше, оқу мен оқыту әдістері олардың жетістікке жетуіне көмектесуі тиіс.

Білім беру үдерісін құрудың көптеген тиімді тәсілі кездеседі. Олар оқыту нәтижелері білімге емес, жоғары деңгейдегі танымдық дағдыларға – бағалауға және сыни талдауға бағытталған кезде аса өзекті деп танылады. Студенттерді курс мазмұнын белсене отырып зерттеуге ынталандыратын әдістерді таңдаған дұрыс.



Төменде жоғарыда аталған «Білім беру бағдарламаларын әзірлеу: жоғары білім берудің жаһандық мәселелеріне жауаптар» (Сағынтаева А. және т.б., 2021) кітабынан оқу және оқыту әдістері туралы ақпарат береміз.

### *Белсенді оқыту*

Белсенді оқыту – барлық студенттің оқу үдерісіне енгізілген тәсіл. Аталмыш тәсіл студенттердің оқытушы беретін білімді ғана алумен шектелетін дәстүрлі әдістерден бірден айрықшаланады. Тыңғылықты таңдалып алынған және белсенді әдістерге құрылған сабақтардың оң нәтижесінде студенттер өз білімдеріне өздері жауап ала алатын болады. Ізденіс пен зерттеуге негізделген тәсіл (Inquiry-Based Learning) мен мәселелерді шешуге құрылған тәсіл (Problem-Based Learning) көбінесе белсенді оқыту ретінде қарастырылады. Екі тәсіл де оқыту мен зерттеу үдерістерін біріктіретін өзекті тетік ретінде кеңінен танымал (Spronken-Smith және т.б., 2007). Екі тәсіл де студенттердің зерттеу жұмыстарына негізделген белсенді оқыту әдісі болып табылады. Зерттеу жүргізіп, мәселені шешу өз кезегінде білім дағдыларды қалыптастырады (Prince, Felder, 2006). Белсенді оқытуда студенттерге бағдарланған оқу әрекеті оқытушының қолдауымен жүзеге асады (скаффолдинг<sup>3</sup> қолданылады) және ол жоғары деңгейдегі танымдық үдерістерді қамтиды.

### *Проблемалық-бағдарланған оқыту*

Проблемалық-бағдарланған оқыту (Problem-Based Learning, PBL) – ізденіс пен зерттеуге негізделген тәсіл (Inquiry-Based Learning, IBL). Ол мәселелерді шешуге емес, студенттердің өзге дағды, сапаларын дамытуға бағытталады. Соңғысына білім алу, топпен жұмыс істеу және коммуникация жатады. Аталмыш тәсіл медициналық білім беру жүйесінде, сондай-ақ басқа да пәндік салаларда кеңінен пайдаланылады. Проблемалық-бағдарланған оқыту студенттердің сыни тұрғыдан бағалау, синтез жасау дағдыларын және болашақ жұмыстары мен оқулары үшін пайдалы болатын академиялық сауаттылықтарын арттыру дағдыларын дамытуға

---

<sup>3</sup> Скаффолдинг – Білім алушыларды бірте-бірте тереңірек түсінуге және оқу үдерісінде ірі тәуелсіздікке қол жеткізу үшін қолданылатын әртүрлі оқыту әдістері.

мүмкіндік береді. Ол топтық ортада үздіксіз білім алу жағдайын қалыптастырады. Әдетте бұл тәсіл алдыңғы тәсілмен салыстыра қарағанда тар шеңберлі деп есептеледі де, көбіне қысқа мерзімді оқытуда жиі жұмсалады.

### *Проблемалық-бағдарланған оқыту*

Проблемалық-бағдарланған оқыту (Problem-Based Learning, PBL) – ізденіс пен зерттеуге негізделген тәсіл (Inquiry-Based Learning, IBL). Ол мәселелерді шешуге емес, студенттердің өзге дағды, сапаларын дамытуға бағытталады. Соңғысына білім алу, топпен жұмыс істеу және коммуникация жатады. Аталмыш тәсіл медициналық білім беру жүйесінде, сондай-ақ басқа да пәндік салаларда кеңінен пайдаланылады. Проблемалық-бағдарланған оқыту студенттердің сыни тұрғыдан бағалау, синтез жасау дағдыларын және болашақ жұмыстары мен оқулары үшін пайдалы болатын академиялық сауаттылықтарын арттыру дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Ол топтық ортада үздіксіз білім алу жағдайын қалыптастырады. Әдетте бұл тәсіл алдыңғы тәсілмен салыстыра қарағанда тар шеңберлі деп есептеледі де, көбіне қысқа мерзімді оқытуда жиі жұмсалады.

### *«Аударып оқыту» немесе «Аударылған сынып» технологиясы*

Студенттер әдетте білімді сабақта алады, кейінірек оны жалпылап, бағалайды. «Аударып оқытуда» (Flipped Learning) дәстүрлі тәсілдердің реті керісінше ұйымдастырылады. Студенттер материалды алдын-ала оқиды, ал аудиториядағы сабақ уақытын оқығандарын тереңдету үшін курстастарымен талқылап, оқытушы тапсырмасын орындауға арнайды. Сабақтан кейін олар пікірталас нәтижелері мен алған кері байланыстары туралы ой түйе алады. Бұл оқыту моделі жаңа емес. 1990 жылдары Гарвард университетінің ғалымдары Крауч пен Мазур (2001) студенттердің сабақ алдында дайындалып, ойланулары үшін оқу материалы ретінде «өзара оқыту» моделін әзірледі. Одан соң олар студенттердің өзара әрекеттесуі мен оқытушы сұрақтарының көмегімен тереңірек ойлануға ынталандыру үшін аудиториялық сабақты пайдаланды.

Осылайша, аталған модельге сәйкес, студенттерге аудиториялық сабақ алдында білімнің басты іргетасын қалыптастыруға көмектесетін оқу материалы беріледі. Одан әрі аудиториядағы са-

бақ барысында танымдық дағдыларын жоғары деңгейге көтеріп, дамыту үшін тапсырмалар орындалады. Бұл технологияның басты мақсатының бірі – студенттердің бірлескен іс-әрекетке, өзара және проблемалық оқытуға қатысқанда белсенді модельді кеңінен пайдалана алулары. Бұл тұрғыдан алғанда, оқытушы студенттерге оқуын өз бетінше бақылауға мүмкіндік бере отырып, фасилитатор, жаттықтырушы қызметін атқарады. Ақпараттық технологияларды пайдалану «аударып оқыту» үдерісін байытып, 21-ғасыр дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Озық технологиялар мен білім беру теорияларының өзара үйлесім табуы «аударып оқытуды» бірден-бір тиімді әдіске айналдыруға мүмкіндік берді.

### *Ғылымның білімге интеграциялануы (бірігуі)*

Студенттерді ғылыми-зерттеу жұмысына тарту олардың оқуға деген қанағаттанушылығын арттырып, институционалды және/немесе тәртіптік зерттеу мәдениетіне тән сезімін тудыруы, сондай-ақ зияткерлік қызығушылығы мен басты дағдыларын дамытуы мүмкін. Ұтымды әдістер зерттеу негізінде оқытуды алғашқы курстан бастап соңғы курсқа дейін студенттердің білім алуына қолдау көрсететін құрылымдық кеңестер арқылы оқытушылармен қатар қамтылады. Студенттерге зерттеуші ретінде қарау оларды білім беру бағдарламасына қатысуға талпындырады, білімдерін тереңдетіп, пәнді түсінулерін арттырады. Кейс-стади зерттеулерінің нәтижелері ондай қарым-қатынас білім алушылардың оқу үлгеріміне оң ықпал ететіндігін көрсетеді.

Зерттеулерге негізделген оқыту: 1) ғылыми-зерттеу нәтижелерінің негізінде білім беру мазмұнын ұйымдастыру (студенттер өз саласы бойынша ғылыми еңбектер оқиды); 2) оқытудың ғылыми зерттеулерге бағдарлануы (студенттер зерттеу әдіс-тәсілдері мен дағдыларын оқып, оларды пайдаланады); 3) ғылыми зерттеулерін оқу үдерісі мен кеңес беруде пайдалану (студенттер өз құрбыларымен және оқытушылармен зерттеулерді талқылап, бағалау арқылы оқиды) және 4) ғылыми зерттеулерге негізделген оқыту (студенттер белсенді зерттеуші бола отырып оқиды) сияқты әртүрлі нысанда жүзеге асырылуы мүмкін.

### *Өндірісте және нақты жағдайда оқыту*

Бұл әдіс студенттерді ынталандырып, жұмысқа қабілеттілігін арттыру үшін оларға нақты жұмыс тәжірибесін ұсынады. Мұндай оқыту білім беру бағдарламасына біріктірілген, ол студенттерге теориялық білімді тәжірибеде тексеруге мүмкіндік береді. Мұны тағылымдамадан өту арқылы, белгілі бір үлгіде қалыптасқан жұмыс ортасы арқылы, «shadowing» («жасырын») әдісін қолдана отырып практиктердің кәсіби қызметін бақылау және жұмыс орнында мәліметтер жинау арқылы да жасауға болады. Болашақ мамандықты өндірісте және нақты жағдайда оқыту студенттерге өз оқу үлгерімін қатаң академиялық жағдайларда емес, нақты жағдайда көрсетуге көмектеседі.

### *Шағын топтарда оқыту*

Шағын топтарда оқыту (семинар, кеңес беру, практикалық және зертханалық сабақтар), сондай-ақ студенттердің курстастарымен бірге орындайтын өздік жұмыстары айтарлықтай тиімді болып саналады. Шағын топ студенттердің дербес не болмаса үлкен топтарда дамытуға мүмкін бола бермейтін ынтымақтастық пен өзара әрекеттестік секілді дағдыларын дамытуға көмектеседі:

- өзара әрекеттестік дағдылары;
- топта жұмыс істеу дағдылары;
- уақыт пен үдерісті басқару дағдылары;
- тыңдай білу дағдысы;
- шығармашылықпен және сыни тұрғыдан ойлау дағдылары;
- ынтымақтастық;
- жобаларды басқару;
- жобаларды аяқтау.

### *Рефлексивті оқыту*

Қазіргі кезде рефлексия көптеген елдер мен жоғары оқу орындарында сапалы оқытудың маңызды бөлшегі ретінде қаралады. Рефлексия студенттерді жаңа оқу материалын алынған біліммен бірлікте қарауға жетелейді. Ол материалды трансформациялап береді, сол себепті де терең оқыту түрі болып саналады. Рефлексия студенттерден меңгерген білімдері мен идеяларын (мысалы, эссе жазуда) қайта еске түсіру талап етілгенде маңызды рөл атқарады

да, білімнің жай ғана меңгерілгені аса маңызға ие болмай қалады. Рефлексия студенттердің оқуын мынадай негізде ынталандырады:

- оқу үдерісінің баяуланып, идеяларды қайта қарау уақытының туғаны байқалады;
- студенттердің бойында өз білімдерін өздері «меңгеру» ынтасы қалыптасады, себебі оларды жасауға өздері тікелей қатысады;
- өз оқуларын бақылауда ұстап, қайта қарауда студенттердің метатаным мүмкіндігі дамиды; метатанымдық мүмкіндіктер тиімді оқытумен тығыз байланысты;
- күрделі материалдарды меңгеру мүмкіндіктері артады.

Студенттерді рефлексивті әрекетке бейімдеп, рефлексияны оқытудың бөлінбес бір бөлігі ету үшін мынадай бағыттағы стратегияларды пайдалануға болады:

- өзінің оқу тәжірибесі жөнінде рефлексивті күнделік (журнал), жазбалар жүргізу;
- портфолио (оның ішінде электрондық) құру;
- бағалау тапсырмаларын орындау үдерісінде алынған оқу тәжірибесі туралы рефлексия;
- жұмысқа орналастыру, жұмыс істеу және оқу бағдарламасынан тыс өзге де тәжірибе рефлексиясы;
- өзара бағалау және өзін-өзі бағалау;
- мансаптық даму, кеңес беру немесе өзінің жеке тұлғалық дамуымен жұмыс істеуден туатын рефлексия.

**Төменде Назарбаев Университеті Жоғары білім беру мектебі оқытушылары әзірлеген силлабустарда пайдаланылған оқыту әдістерінен мысалдар келтіріледі.**

### **1-мысал. «Зерттеу әдістері» курсының оқу және оқыту әдістері**

Курстың оқу міндеттерін жүзеге асыру тәсіліне сабаққа, дәріске, талқылауларға/топтық жобаларға қатысып, жеке тапсырмаларды орындау жатады. Оқытудың бұл секілді түрлері сіздерге өз зерттеулеріңіздің әдіснамасы мен білім беру саласындағы зерттеулердің негізгі үдерісін терең түсінуге мүмкіндік береді.

## 2-мысал. «Мұғалім кәсібилігі» курсының оқу және оқыту әдістері

Аталмыш курс алғашында күндізгі интенсивті курс ретінде жоспарланған болатын. Алайда ағымдағы жағдайға байланысты онлайн-курсқа ауыстырылды, сол себепті біршама қайта қаралды. Ол синхронды (Zoom) әрі асинхронды оқыту (Moodle, электрондық пошта және өзге де әрекеттер) болып саналады. Студенттер курсқа белсене қатысады деп күтіледі. Курстың барлық материалы Moodle-ға тіркелген, талап етілген жағдайда студенттерге электрондық нұсқасы беріледі. Студенттердің оқу түрлеріне белсенді қатысулары тиіс.

Оқу сабақтарының әр қилылығы (семинар, жұптық/топтық пікірталас, дәрістер, шақырылған баяндамашылар) курс педагогикасының басты бөлшегі болып табылады. Оқу және оқыту стратегиясы онлайн-режимге бейімделеді. Негізгі оқу стратегиялары аудиторияда және шағын топтарда видео арқылы, оқылым, сыни мақалалар, семинарлар, фасилитаторлар мен студенттердің таныстырылымы арқылы талқыланатын болады. Курс материалы студенттерге ұсынатын сұрақтарымен бірге сабақтың алдында беріледі.

### **Төменде практикалық жаттығу ұсынылады.**

*4-жаттығу. Жоғарыда келтірілген идеялар мен мысалдарды пайдалана отырып, өз курсыңыздың оқыту әдістерін санамалап беріңіз*

---

---

---

---

---

## 6. БАҒАЛАУ САЯСАТЫ ЖӘНЕ ТАПСЫРМАЛАР СИПАТТАМАСЫ

### *Бағалау саясаты*

Оқытушы бағалауды әзірлеуде оның оқыту нәтижелерімен сәйкестігін және бағдарламаның бағалау тәсілімен үйлесімділігін қамтамасыз етуі керек. Бағалаудың студенттерге оқу нәтижелеріне қол жеткізген жетістіктерін көрсетуге мүмкіндік бергені маңызды.

Бағалау тұрғысынан қарағанда құрылымдық келісім аса маңызды болып табылады. Бағалау әдістерін таңдау студенттердің оқуына айтарлықтай ықпал етеді. Бүкіл курстың мазмұнын бағалау көп жағдайда мүмкін бола бермейді, бірақ барлық ОН студенттерінің курстағы жетістіктерін бағалау қажет. Бір тапсырма оқытудың бірқатар нәтижесін бағалау үшін әзірленуі мүмкін.

Бағалау білім алушылардың оқу нәтижелерін көрсетуге мүмкіндік туғызуы керек, сәйкесінше сол мақсатқа қатысты болуы тиіс. НУ-нің Бағалау стратегияларында бағалау үдерісінің сенімді, айқын және студенттердің кері байланысын ұдайы әрі сапалы түрде жүргізіп отыру қажеттігі атап көрсетіледі.

Бағалауды әзірлеуде инклюзивтілік, әртүрлілік (білім алушылардың жан-жақтылығын қанағаттандыру үшін), студенттерді ынталандыру мүмкіндігін арттыру және болашақ кәсіби ортаға барынша жақындай түсулеріне ықпалдасу секілді өзге де критерийлерді назарда ұстаған жөн. Дұрыс ойластырылған бағалау білім алушыларды тиімді дифференциялап, бағалауды «дұрыс бөлуге» жетелейді.

Оқытушының силлабусты әзірлеу барысында курсты бағалау жайында кейбір шешім қабылдауы қажет. Мысалы, Тапсырма

көп берілген жоқ па? Ашық сұрақтар немесе бірнеше жауабы бар сұрақтар қолданыла ма? Олар студенттердің қорытынды бағасына неше пайыз енгізеді? деген секілді.

Бағалау жүйесін құруда мына мәселелерді ескеріп отырыңыз:

1. Оқытудың мақсаты не және бағалау студенттердің оқу жетістігін қалай бағалайды, яғни бағалау жүйесі оқытудың мақсатымен сәйкесе ме?
2. Білім алушылар бағалау нәтижелері туралы кері байланысты қалай және қашан алады? Олар кері байланыс жасау арқылы алдағы уақытта өз бағаларын жақсартпа ала ма?
3. Курс білім алушылардың өзін-өзі бағалауы мен өзіндік рефлексия дағдыларын қалыптастыруға көмектесе ала ма?

Студенттердің оқу нәтижелерін бағалаудың көптеген түрі кездеседі, сондықтан дәстүрлі түріне (мысалы, бірнеше таңдау нұсқасы бар тест тапсырмалары және т.б.) тоқталмас бұрын, студенттер белгілеген межедегі оқу нәтижелеріне жете алды ма, жоқ па деген анағұрлым тиімді өлшемді ойластырып алу қажет:

- Студентке баға жеке қойыла ма, әлде топпен бірге бағалана ма? Олар бағалау критерийі бойынша түсінік ала алды ма? Бағалау критерийлері студенттерге оқытушының күтетін нәтижесін түсінуге көмектеседі<sup>4</sup>. Бағалау критерийлері студенттердің жұмысын бағалаудың тамаша құралы болуы мүмкін. Ол – студенттің жазбашадан ауызшаға және визуалды жұмыс түрлеріне дейінгі барлық жетістігінің өлшемін нақты көрсететін құрал. Оны орындалған тапсырмаларды бағалауда, студенттердің сабаққа қатысуын немесе жалпы бағалау үшін пайдалануға болады. Критерийлері студенттерге бағалау талаптары мен үлгерім стандарттарын түсіндіретін құрылымды ұсынады. Сонымен бірге ол бағалауды оқу ретінде қолдайды: студенттер ненің маңызды екенін және күш-жігерлерін қайда жұмсау керектігін көре алады.

---

<sup>4</sup> Мына дереккөзді қараңыз: Rhodes, T. (2009). *Assessing outcomes and improving achievement: Tips and tools for using the rubrics*. Washington, DC: Association of American Colleges and Universities.



- Бағалау үлгісін 2-қосымшадан қараңыз.
- Тапсырманы орындауға уақыт (аудиториялық және аудиториядан тыс) жеткілікті бөлінді ме?
- Бағалау түрі оқытушыға студенттермен өз уақытында кері байланыс орнатуға мүмкіндік туғыза ма? Егер туғыза алмаса, онда бағалау құрылымын қалай қайта қарауға болады?
- Бағалау қалай жүргізіледі – оффлайн немесе онлайн?
- Егер жұмыс уақытында өткізілмесе, қанша балл қойылады?
- Емтиханды қайта тапсыруға өтінімді қалай жасауға болады?
- Топтық жұмыс қалай бағаланады?

Курсты ұйымдастырушылар осы және өзге де сұрақтардың жауабын силлабуста көрсетіп талдауы керек. Мысалы, студенттер дәрістерге, семинар сабақтарына қатысады, есептерін уақытылы толтырады және емтихан тапсырады деп күтіледі. Не болмаса курс аяқталған соң семестр соңында емтихан тапсыру жоспарланған, сондай-ақ әр модуль бойынша қорытынды емтихан (аралық бақылау) тапсырылады деп жоспарланған.

Тапсырма саны рациональды болуы керек: кез келген тапсырманың бағасы қорытынды бағадан 50%-дан артық болмауы тиіс.

Студенттерге бағалаудың шешуші кесім еместігін, керісінше өзін-өзі жетілдіру жолын айқындап, нақты бір деңгейге жетуге мүмкіндік беретінін түсіндіру өте өзекті.

**Төменде Назарбаев Университеті Жоғары білім беру мектебі оқытушылары әзірлеген силлабустардан бағалау саясаты бойынша мысалдар келтіріледі.**

### 1-мысал. «Мұғалім кәсібилігі» курсы бойынша бағалау саясаты

№	Сипаттамасы	Жалпы бағалау көрсеткіші, %	Оқыту нәтижелерімен келісілген, №	Тапсыру мерзімі
1	Сабаққа қатысымдары	10%	1, 2, 4, 5, 6	
2	Сыни рефлексиялар	20%	5, 6	
3	Қазақстандағы мұғалім кәсібі жөніндегі топтық таныстырылым	30%	1, 2, 4, 5, 6	
4	«Менің кәсіби жолым» эссесі	40%	2, 3	

## 2-мысал. «Қазақстандағы және шетелдегі білім беру реформаларын контексттендіру» курсы бойынша бағалау саясаты

№	Сипаттамасы	Жалпы бағалау көрсеткіші, %	Оқыту нәтижелерімен келісілген, №	Тапсыру мерзімі
1	Сабаққа қатысымдары: 1.1. Қатысымы және талқылау 1.2. Moodle платформасындағы рефлексия	5% 15%	1, 2, 3, 4	
2	Білім беру секторына шолу – топтық жұмыс	15%	1, 2, 4	
3	Топтық жоба (отандық білім беру жүйесі мен реформасы туралы таныстырылым)	25%	1, 2, 3, 4	
4	Өзін-өзі бағалау және топтық жобаны топтық талдау/Таныстырылымға жеке шолу жасау	5%	2, 3, 4	
5	Жазбаша тапсырма	35%	2, 3, 4	

**Төменде практикалық жаттығу ұсынамыз.**

*5-жаттығу. Өз бағалау әдісіңізді сипаттай отырып, кестені толтырыңыз*

№	Сипаттамасы	Жалпы бағалау көрсеткіші, %	Оқыту нәтижелерімен келісілген, №	Тапсыру мерзімі

Курстың әр тапсырмасында студенттердің қандай оқу нәтижесіне қарай бағытталуы керектігін атап көрсету қажет.

### *Тапсырмалар сипаттамасы*

Силлабустың бұл бөлігінде сөз санын, тапсырманы тапсыру мерзімі мен жіберу тәсілін қоса есептегенде, студенттерге берілетін әр тапсырма және оларға қойылатын талап нақты әрі дәл сипатталып берілуі тиіс (мысалы, Moodle немесе электрондық пошта арқылы).

Төменде Назарбаев Университеті Жоғары білім беру мектебі оқытушылары әзірлеген силлабустардан тапсырмалар сипаттамасы бойынша мысалдар келтіріледі.

### 1-мысал. «Зерттеу әдістері» курсының тапсырмалар сипаттамасы

#### *Сабаққа қатысу (10%)*

Студенттердің сабаққа толық қатысуы талап етіледі, сабақтан себепсіз қалуларына болмайды. Сондай-ақ, студенттердің аудиториядағы күнделікті белсенділігі де бағаланады. Сабаққа қатысуға топтық талқылауда идеясымен бөлісу, тиісті сұрақ қоя білу, курс бойынша өтілген әдебиеттерді талқылау, өзінің және өзгенің идеясын дамыту, сонымен қатар басқа студенттермен ынтымақтастық орната алу секілді дағдылар жатады.

#### *Сандық зерттеу жобасы (15%)*

Студенттерге таңдалып алынған тақырыпта сандық әдістер бойынша пилоттық зерттеу әзірлеп, жүргізу талап етіледі, ол зерттеу сұрақтарын әзірлеуді, шағын көлемдегі мәліметтерді жинап, талдауды қамтиды. Бұл тапсырманың мақсаты – студенттерге зерттеу жүргізу тәжірибесін жинақтауға мүмкіндік беру. Аталмыш жоба қыркүйектің 1-нен қазанның 30-ына дейін орындалады.

#### *Сапалық зерттеу жобасы (15%)*

Студенттерге таңдалып алынған тақырыпта сапалық әдістер бойынша пилоттық зерттеу әзірлеп, жүргізу талап етіледі, ол зерттеу сұрақтарын әзірлеуді, шағын көлемдегі мәліметтерді жинап, талдауды қамтиды. Бұл тапсырманың мақсаты – студенттерге зерттеу жүргізу тәжірибесін жинақтауға мүмкіндік беру. Аталмыш жоба қыркүйектің 1-нен қазанның 13-іне дейін орындалады.

#### *Тест (20%)*

Қорытынды емтихан барлық дереккөздер мен дәрістерді қамтитын 40 сұрақтан тұратын тест түрінде жүргізіледі. Студенттер деректерді жинау, талдау әдістері туралы білімдерін пайдалана алулары керек, білім беру зерттеулерінде әдеп мәселелерін сыни тұрғыдан қарастыра алулары керек, бел-

гілі бір мәселені зерттеуге арналған тиісті зерттеу жобалары мен әдістерін таңдап, педагогикалық зерттеулерде теориялық және әдістемелік мәселелерді сыни тұрғыдан талқылау қабілеттерін көрсете білулері қажет. Қорытынды емтихан күні – 29 қазан.

### ***Зерттеу жоспары (40%)***

Біз студенттерге мәнмәтіндік және әлеуетті жобаларды дамытуды ұсынамыз. Студенттер курс аясында жүргізілетін өз зерттеулері туралы ұсыныстарын әзірлеуі керек, онда зерттеу жұмысының қадамдық жоспары қамтылып, зерттеушінің ұсынысы, зерттеу мақсаты және оның маңыздылығын негіздейтін негіздеме ұсынылуы тиіс. Зерттеу жүргізу туралы ұсынымда кіріспе, зерттеу мәні, әдебиеттерге қысқаша шолу, мәліметтерді жинақтап, талдау әдістерін пайдаланатын негіздеме, әдеп мәселелері, сондай-ақ бюджеттік шығыны көрсетілген жұмыс кестесі қамтылады. Зерттеу жобасы бөлімдерінің қысқаша сипаттамасы жоспардың соңында беріледі.

Бұл тапсырма аудиториядан тыс уақытта орындалуы тиіс. Зерттеу ұсынымы АПА стиліне сәйкес<sup>5</sup>. Times New Roman бойынша 12 шрифт көлемінде екі интервалда терілуі керек. Зерттеу жобасының көлемі 3000 сөзді қамтиды (20%-дан артық/кем болуы мүмкін, әдебиеттер тізімі мен қосымшалар есептелмейді). Тапсырма Moodle арқылы онлайн түрінде желтоқсанның 20-ында ұсынылуы қажет.

## **2-мысал. «Мұғалім кәсібилігі» курсының тапсырмалар сипаттамасы**

### ***Сабаққа қатысым (10%)***

Курс онлайн режимге көшірілді. Оқыту синхронды (мысалы, Zoom, Adobe Connect) әрі асинхронды (мысалы, Moodle, электрондық пошта арқылы хабарлама жіберу және т.б.) оқу

---

<sup>5</sup> АПА стилі (ағыл. American Psychological Association (APA) Style) – Америка психологиялық қауымдастығы әзірлеген Батыста әлеуметтік ғылымдарда кеңінен қолданылатын академиялық жұмыстарды рәсімдеу түрі. Америка психологиялық қауымдастығының (ағыл. Publication Manual of the American Psychological Association) басылым нұсқаулығында мақаланы әзірлеу нұсқаулығы, сонымен қатар дәйексөз, сілтеме, кесте, шрифт және мақала құрылымы бойынша нұсқаулықтар бар. Дегенмен АПА-ны әлеуметтік ғылымдардағы зерттеушілер мен студенттер дәстүрлі түрде жиі пайдаланады. АПА (Америка психологиялық қауымдастығы) академиялық стилі қазіргі уақытта 7-ші басылымында (2019). [https://ru.wikipedia.org/wiki/Стиль\\_АПА](https://ru.wikipedia.org/wiki/Стиль_АПА)

түрінде жүзеге асырылады. Студенттер онлайн түріндегі топтық пікірталастар мен интербелсенді сессияларға белсенді қатысуға міндетті. Олардың белсенділігі сабақ барысындағы дайындық, топтық пікірталасқа өз идеясымен қатысып, тиісті сұрақтар қою білу, өзінің және өзгенің идеяларымен бөлісе алу, басқалармен ынтымақтастықта жұмыс істей алу дайындығы, оқыған әдебиеттерін талдай алу, онлайн оқуға қатысуға дайындығы, ауызша және жазбаша жұмыстарда құрылымдық, түйсікті жауап бере алу сынды критерийлер бойынша бағаланады. Сессияға қатысу мүмкіндіктеріңіздің жоқтығы туралы оқытушыға және топ мүшелеріне хабарлауларыңыз сұралады.

### ***Сыни тұрғыдан ойлау (15%)***

Студенттердің рефлексивті журнал жүргізулері тиіс. Студенттер өз оқуына деген жауапкершілікті өз қолына алып, өз идеяларын дамытатындықтан, рефлексивті журнал тәуелсіз оқуға мүмкіндік береді. Ол, сондай-ақ, оқытушы мен студенттер арасындағы көпір ретінде қызмет атқаратын болады. Студенттердің берілген тақырыптар бойынша өз ойларын күнделікті жазып отырғаны дұрыс. Жалпы алғанда, олар әрқайсысы 300 сөзден 500 сөзге дейінгі көлемнен тұратын 3 сыни тұрғыдан ойлау жұмысын (тапсыру кестесін қараңыз) тапсырулары керек. Оқытушы 1-сыни жұмыс бойынша құрылымдық тұрғыдан кері байланыс жасайды. Студенттер өз курстастарынан 2-ші және 3-ші сыни жұмыс бойынша кері байланыс алған уақытта өздері де өзге топтастарының жұмыстары туралы өз пікірлерін ұсынады. Пікір 200 сөзден 500 сөзге дейін болуы мүмкін. Сабақ барысында рефлексивті журналды жүргізуге арналған қосымша нұсқаулық ұсынатын болады. Басымдық сыни тұрғыдан ойлау мен аналитикалық жазбаға беріледі.

### ***Қазақстандағы мұғалім кәсібі жөніндегі топтық таныстырылым (30%)***

Студенттер 4 адамнан тұратын топ жасақтайды, алдыңғы сабақтарда қарастырылған (курстың кестесіндегі алдыңғы тақырыптарды қараңыз) тұжырым/тақырыптың біріне сілтеме жасай отырып, 15 минуттық таныстырылым (15 минуттық талқылау) әзірлейді. Олар аталмыш тұжырым/тақырыпты оқып, өздерінің мәтіндерімен, тәжірибелерімен салыстырады. Таныстырылымда ұсынылған дереккөздер басшылыққа алынып, толықтырылуы тиіс. Тапсырманың мақсаты – студент-

терді курстың өн бойындағы тәжірибелері мен тапсырмалардан алынған өз білімдерін синтездеуге үйрету. Студенттер кәсіби сәйкестілік пен кәсібилік теориясын терең ұғынғандарын жеткізіп, оларды отандық мәнмәтінде негіздеулері қажет. Студенттердің Қазақстандағы мұғалім кәсібінің кез келген қырын сипаттап, оны жетілдірудегі өз ұсыныстарын ұсынуына болады. Өз деректерін қорғап шығулары үшін кішігірім эмпирикалық зерттеу пайдалануларына да болады. Баяндамашылар дайын слайдтарды не болмаса дәрістерді оқып беріп қана қоймай, аудиторияны татымды пікірталас, дебатқа тартуы қажет. Топтық таныстырылым 2020 жылғы маусымның 4-де қорғалады.

**«Менің кәсіби жолым» жазбаша тапсырмасы (40%)**

Бұл – курстың қорытынды соңғы тапсырмасы. Студенттер өздерінің кәсіби тұрғыдан дамуын талдап, мұғалім ретіндегі бай тәжірибесі көрініс табатын автобиография құрады. Олар мұғалімдердің кәсіби маман ретінде қалыптасуына айтарлықтай ықпалдасқан жеке тұлғалық және сыни жайттарды анықтайды. Студенттер өз өмірін кәсіби сәйкестілікпен және кәсібилікпен байланыстыра қарастырады деп күтіледі. Тапсырма академиялық тілде нақты әрі сауатты жазылуы тиіс. Көлемі – 2000-3000 сөз. Тапсырма бекітілген мерзімге дейін ұсынылуы керек. Тапсырманың соңғы нұсқасы 2020 жылғы маусымның 21-нде түнгі сағат 23:55-те онлайн түрінде Moodle арқылы жіберілуі қажет. Дер кезінде жібермегендерге шара қолданылады.

**Төменде практикалық жаттығу ұсынылады.**

*6-жаттығу. Жоғарыда келтірілген идеялар мен мысалдарды пайдалана отырып, курсыңыз үшін әр тапсырмаға сипаттама беріңіз*

1. \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_
2. \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_
3. \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

## 7. КУРСТЫҢ САЯСАТЫ

Курс саясаты оқытушының педагогикалық құндылықтарын сипаттап, студенттерді аудиторияда және аудиториядан тыс жерлерде бағыттап отырады. Оқытудың алдыңғы қатарлы тәжірибесіне және оқыту сипаттамасына сәйкес курс саясаты мынадай үлгіде ұсынылады:

- *Академиялық адалдық*
- *Сабаққа қатысу*
- *Студенттердің жетістіктерін қолдау*
- *Тапсырманы мерзімінен кеш өткізу/емтихандарды қайта тапсыру*
- *Ноутбуктар мен мобильді байланыс құралдарын пайдалану*
- *Білім беру инклюзивтілігі*
- *Ерекше қажеттіліктері бар студенттердің тапсырмаларды/емтихандарды тапсыру шарттары*

### *Академиялық адалдық*

Ең маңызды шарттардың бірі – академиялық адалдыққа қатысты ұстанымды нақты негіздеу. Сондай-ақ аталмыш курс барысында өзін-өзі ұстау тәртібін айқындап алған дұрыс, өйткені талап курстан курсқа жылжыған сайын өзгеруі мүмкін. Силлабуста университеттің академиялық адалдық жөніндегі саясатына сілтемелер ұсынылуы тиіс. Әрбір бағаланатын жұмыста студенттер арасындағы ынтымақтастыққа және/немесе студентке көрсетілетін сыртқы көмекке қатысты рұқсат етілетіні және/не рұқсат етілмейтіні туралы түсініктеме берілуі керек. Оқытушы тарапынан рұқ-

сат етілмесе, университет саясаты ынтымақтастыққа рұқсат бермейтінін ескеріңіз. Сондықтан тиімді ынтымақтастық пен көмек жөнінде студенттердің түсінігі болуы қажет. Студенттер, сондай-ақ, ынтымақтастық пен көрсетілген көмек туралы есеп беру керектігінен де хабардар болуы керек.

### *Сабаққа қатысу*

Силлабуста студенттердің сабаққа қатысымы мен сабақтағы белсенділігінің маңызды екендігі міндетті түрде көрсетілуі тиіс:

1. Сабаққа қатысудың мәніне баса назар аудара отырып, оң саясат танытыңыз.
2. Қанша сабақты жіберуге рұқсат етілетінін, оның ішінде жетіспейтін баллдарды шегеру туралы ақпаратты (бар болса) көрсетіңіз.
3. Сабаққа белгілі бір нақты себеппен келе алмау жағдайларының (мысалы, университеттегі топтық шара, медициналық немесе отбасылық төтенше жағдай және т.б.) және негізсіз келмеудің қорытынды бағаға қалай әсер ететінін көрсетіңіз.
4. Студенттердің сізге және/немесе басқа жауапты тұлғаларға сабаққа келмегені туралы қалай және қашан хабарлау керектігін түсіндіріңіз.
5. Студенттердің сабаққа қатысуынан күтілетін нәтижелерді анықтап көрсетіңіз және оның қалай бағаланатынын, қорытынды бағаға қалай әсер ететінін түсіндіріңіз. Студенттердің сабаққа қатысуын бағалау қорытынды бағаның 10%-дан астамын құраса, бағалау және кері байланыс критерийлерін пайдаланып, оны студенттермен алдын-ала бөлісіңіз.

### *Студенттердің жетістіктерін қолдау*

Силлабуста оқытушы студентке қолдау көрсетуге дайын екендігі туралы оң «белгі» танытып, тікелей сілтемелер мен байланыс ақпаратын қоса отырып, қолдау қызметі туралы ақпарат бөлімін енгізуі мүмкін. Студенттер, сондай-ақ, оқытушыларға жеке сұрақпен немесе көмек сұрап хабарласуға болатынына сенімді болулары керек.



### *Тапсырманы мерзімінен кеш тапсыру/емтиханды қайта тапсыру*

Силлабуста тапсырманы/емтиханды қайта тапсырудың мүмкіндігі туралы айтылуы керек. Мысалы: «Егер сіз бағаңыздың қайта қаралғанын қаласаңыз, баға қойылғаннан кейін бір апта ішінде тапсырманы қайта тапсыруға өтінім жазуыңыз керек. Тапсырманы/емтиханды қайта тапсыруға өтінім жазған соң, тапсырма мен бағаңызды талқылау үшін менің қабылдауыма жазылыңыз. Қайта тапсыру жөніндегі сіздің өтініміңізді қарап, сізбен кездесу аралығында маған кем дегенде 48 сағат уақыт беруіңіз сұралады. Белгілі бір ерекше жағдай университеттің қайта тапсыруға өтініш беру мерзімі туралы саясатына сәйкес қолданылуы мүмкін».

### *Ноутбуктер мен мобильді байланыс құралдарын пайдалану*

Аудиторияларда ноутбуктер мен мобильді байланыс құралдарын пайдалану саясаты оқу үдерісінің қажеттілігіне қарай реттелуі тиіс. Бұл университет саясатына және/немесе оқытушының өз шешіміне байланысты болуы мүмкін.

### *Білім беру инклюзивтілігі*

НУ-нің ерекше білім беру қажеттіліктері жөніндегі комитеті әдетте университетте жүргізілетін курстардың силлабусына қосу үшін ұсынылатын стандартты мәтінді әзірлейді. Бұл тармақшада инклюзивті білім беруге тән оқыту және тапсырма/емтихан тапсыру түрлеріне енгізілетін өзгерістердің талаптары қарастырылады.

Оқытушының силлабусқа әртүрлілік туралы ақпарат енгізуі студенттердің барлығына бірдей жағдай жасау деген сияқты инклюзивті білім беру ұстанымдарына адалдығын танытуы мүмкін. Төмендегі сұрақтарды қарастыруды ұсынамыз:

- Курста әртүрлілік қалай мойындалып, қалай бағаланады? Мысалы, әр студент үнінің естілуіне кепілдік бар ма? Тұжырымдамаларды көрсету үшін әртүрлі мысалдар қолданыла ма? Пікірсайыс өткізудің нұсқаулығы бар ма?
- Курс мазмұнында ұсынылған әртүрлілік оқытуда басымдық таныта ала ма?
- Әртүрлілікке қатысты мәселелер қалай талқыланады? Мысалы, әртүрлілік пен инклюзияға қатысты даулы тақырып-

тар анық қарастырыла ма не болмаса жанама түрде ме? Түрлі әлеуметтік және мәдени ортадағы студенттер қалай әрекет ете алады?

- Студенттерден аудиториядағы жағдай туралы ақпарат жинала ма, яғни олар өздерінің қаншалықты және қандай жолмен сабаққа «тартылғанын» сезіне ала ма?
- Университетте студенттерге пайдалы болуы мүмкін қандай қажетті ресурстар бар?
- Университет саясаты университетте, факультетте немесе кафедрада әртүрлілікке байланысты қалай жұмыс істейді?

Инклюзия туралы мәлімдеме жасағанда есте болуы тиіс бірнеше кеңес:

- Студенттер инклюзивтіліктің оқытушы үшін неліктен маңызды екенін, оның курсқа және қалаған аудитория жағдайына қандай қатысы барын айқын түсінуі керек.
- Сондай-ақ силлабус бөлімдерінің бәрінде инклюзивті білім беру ұстанымдарына деген міндеттеме көрсетілуі керек.
- Өз мәлімдемеңіздегі әртүрлілікті тани отырып, инклюзивті болыңыз.

Студенттердің эмоционалдық және психологиялық жағдайын қолдау үшін силлабуста университеттің Психологиялық қолдау орталығының байланыс нөмірі (телефон нөмірлері мен электрондық пошталары) көрсетіледі. Оқытушыларға студенттердің эмоционалдық және психологиялық жағдайын қолдау үшін тренингтерге қатысу ұсынылады. Мысалы, НУ-інде жаңадан келген оқытушылардың барлығы “Red Folder” («Қызыл папка») деп аталатын оқу бағдарламасынан өтеді. Бағдарлама студенттермен жұмыс істейтін оқытушылар мен қызметкерлерді оқытады, қолдауды қажет ететін студенттерді тануға, оларға көмек қолын созып, бағыт-бағдар беруге үйретеді. Қызыл папкада өзін-өзі дұрыс психоэмоционалды күйде ұстау жайында пайдалы ақпараттар мен университеттің психологиялық қызметі туралы байланыс деректері қамтылған, онымен кампуста бәрі де таныса алады.

**Төменде НУ ЖББМ оқытушылары әзірлеген силлабустардағы ерекше жағдайды сипаттау мысалы келтіріледі.**

### 1-мысал. «Зерттеу әдістері» курсындағы ерекше жағдайды сипаттау

Бұл білім беру ортасы қауіпсіз болып табылады, онда жынысына, руына/этникалық тегіне, діни көзқарасына, әлеуметтік-экономикалық мәртебесіне қарамастан студенттердің бәріне бірдей қарым-қатынас жасалып, бірдей қолдау көрсетіледі. Студенттер өздері туралы ашық айта алады. Қорқытуға, қорлауға мүлдем жол берілмейді. Егер қорлау/қудалау жағдайларын байқасаңыз, бірден оқытушыға хабарлаңыз.

Ерекше жағдайларда ерекше білім беру қажеттілігі бар студент үшін оқуға қолжетімділік жоспары (LAP – Learning Access Plan) әзірленеді. Құжат емтихан кезінде, сабақта материалдарды жазуға көмектесу кезінде, сондай-ақ басқа да қосымша (инфрақұрылымдық) жағдайларда қосымша уақыт түрінде қолдау көрсетуді реттеп отырады.

## 8. НЕГІЗГІ ЖӘНЕ ҚОСЫМША ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

Силлабустың қорытынды бөлігі негізгі және қосымша әдебиеттер тізімінен тұрады. Оқытушы ең өзекті, соңғы шыққан және сенімді әдебиеттерді таңдайды. Басымдық эмпирикалық (практикалық) әдебиеттерге беріледі, ол кітап, зерттеу мақаласы, кітап тарауы болуы мүмкін. Негізгі әдебиеттер курс барысында оқылуы тиіс, ал қосымша дереккөздерді тақырыпты терең игеріп дамытуы үшін студенттердің өздері кейінірек оқуларына болады.

Оқытушы студенттердің шектеулі мерзімде қанша әдебиетті меңгеруі қажеттігін есте сақтағаны жөн, сондай-ақ бір академиялық кезеңде студенттердің тағы бірнеше пәнді оқытындарын ескеруі тиіс.

## 9. НАЗАРБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІНДЕГІ КУРСТЫ ӘЗІРЛЕУ ТӘЖІРИБЕСІ

Жоғарыда атап көрсетілгендей, силлабус әзірлеудің жалғыз «дұрыс» жолы кездеспейді. Осыған байланысты өз университетіңіздің, факультетіңіздің, білім беру бағдарламасы мен курсыңыздың қызметі туралы ойланып алғаныңыз жөн. Силлабустың басты қызметі – студенттерге курстың жоспары, одан күтілетін нәтижелер және басқа да ақпараттарды жеткізу. Университеттерде пәнге қатысты кейбір мәліметтерді студенттерге ұсыну саясатының бар екені белгілі, ол мәліметке жоғарыда біз атап көрсеткендер жатады деуге болады (мысалы, курстың сипаттамасы, курстың оқыту нәтижелері және бағалау сипаты).

Төменде Назарбаев Университетінде қабылданған курс спецификасының формасын (КСФ) қарастырамыз. КСФ-ын тиімді мысал ретінде ұсынуға болады, ол құжат:

- курс туралы студенттерге, оқытушыларға, бағдарлама жетекшілеріне (кафедра меңгерушілеріне), университет басшылығына (академиялық істер жөніндегі проректорларға, академиялық департамент қызметкерлеріне, декандарға, деканның академиялық мәселелер жөніндегі орынбасарларына), тіпті аккредиттеу агенттіктеріне де маңызды ақпарат ұсына алады;
- стандартты, яғни университет ұсынатын барлық курс бірдей сипатталады;
- құрылымдық түрде келісілген, яғни КСФ курстан күтілетін оқыту нәтижелерін бағдарламадан күтілетін оқыту нәтиже-

лерімен және студенттерді оқытудағы университет мақсатымен, яғни бітіруші түлектер сипатымен айқын байланыстырады.

КСФ-ы көп жағдайда «оқу орындарына бағытталған» құжат болып саналады, ол университеттерден әкімшілік мақсат үшін талап етілетін ақпараттарды қамтиды және жоғарыда келтірілген мысалдардағы секілді «студенттерге бағдарланған» силлабустағы ақпараттарды қарастырмайды (мысалы, «*Инклюзивтілік/Әртүрлілік туралы саясат*»).

Өзіңізге мынадай сұрақтар қойыңыз:

- Құралдың алдыңғы бөлімдеріндегі талқылаулар КСФ-ның сипаты мен мақсатын түсінуге қаншалықты көмектеседі?
- Ол университет пен факультет басшылығына, атап айтқанда, білім беру бағдарламаларының жетекшілеріне немесе деканның академиялық мәселелер жөніндегі орынбасарларына қаншалықты пайдалы болмақ?
- КСФ-ы белгілі бір курсты алғаш рет жүргізгелі отырған оқытушы үшін қаншалықты пайдалы болмақ?
- КСФ-ында қарастырылмаған қай ақпаратты силлабус үшін маңызды деп ойлайсыз және қай ақпаратты студенттеріңізбен бөлісер едіңіз? Басқаша айтқанда, КСФ-қа не қосар едіңіз?

### *Назарбаев Университеті курсының спецификалық формасы*

Төменде біз КСФ-ның бірқатар маңызды бөлімін қарастырамыз (КСФ-ның сипаты 1-қосымшада толыққанды келтіріледі).

КСФ-ы екі түрлі қызмет атқаратын, дегенмен курсты тұтастай сипаттайтын 2 бөлімнен тұрады:

**1. А бөлімі, шешуші.** Бұл бөлім 5 шағын бөлімнен тұрады және НУ ресми қолдаған ақпараттарды қамтиды. Ол декан бекіткен кезде және университеттің сапаны қамтамасыз ету үдерісінде түпкілікті бекіту кезінде өзгертілуі мүмкін.

**2. Б бөлімі, шешуші емес.** Формада көрсетілгендей, ол «курс үлгісі» болып саналады, онда оқу бағдарламасының маңызды бөлшегі ретінде аталмыш құралдың алдыңғы бөлігінде талданған ақпараттарды көре аласыз. Б бөлімі бағдарлама жетекшісі мен курс оқытушысының нұсқауына байланысты жыл өткен сайын

жаңарып отыруы мүмкін. Кез келген өзгеріс «Жылдық бағдарламаны мониторингтеу үдерісінің» аясында сапаны қамтамасыз ету үдерісінің бөлігі ретінде құжатталады.

### *А бөлімі*

#### *1-бөлімше. Курс туралы жалпы ақпарат*

Бұл бөлімшеде курс атауы, ECTS кредиттерінің саны және басқа да жалпы ақпарат қамтылады.

1. Курс туралы жалпы ақпарат			
1.1	Мектеп (факультет):		Кредиттер (ECTS):
1.2	Курс атауы:	1.7	Курс коды:
1.3	Пререквизит:	1.8	Жұмыс істеуші: (жыл)
1.4	Қатысты мәліметтер (Co-requisites):		
1.5	Білім беру бағдарламасы: <i>(оның аясында курс ұсынылады)</i>  Міндетті (иә – жоқ) Элективті (иә – жоқ)		

#### *2-бөлімше. Курстың сипаттамасы*

Курстың қысқаша сипаттамасы университеттегі курстардың каталогына енгізілген. Бұл – курс көлемінің, оның негізгі тақырыптары мен тұжырымдамаларының және курс материалдары туралы басқа да мәліметтердің қысқа да нақты сипаттамасы.

2. Курстың сипаттамасы (150 сөзге дейін)	

#### *3-бөлімше. Суммативті бағалау әдісі*

Бөлімшеде суммативті бағалаудың сипаттамасы беріледі. Мұнда білім беру бағдарламасын құрылымдық жағынан үйлестірудің және «барлық бағалау міндеттері мен бағалау критерийлерінің

оқыту нәтижелерімен тікелей байланысты болуын қамтамасыз етудің» маңыздылығын есте ұстаған жөн (Biggs & Tang, 2011, 307-б.). Төменде санамаланып көрсетілген суммативті бағалаудың әдістері курстың оқыту нәтижелері жетістіктерінде білім алушылардың оң үлгерімдерін сипаттауы керек. «Курстың оқыту нәтижелері» атты 5-бөлімшеден көретініміздей, курстың ОН-і бағдарламаның оқыту нәтижелеріне сай болуы тиіс.

3. Суммативті бағалау әдісі			
1.1	Емтихан	3.5	Таныстырылым
1.2	Курстық жұмыс	3.6	Топтастарының бағасы (Peer-assessment)
1.3	Жоба	3.7	Эссе
1.4	Зертханалық сабақтар	3.8	Басқа (көрсетіңіз) _____

#### 4-бөлімше. Курстың мақсаты

4. Курстың мақсаты	
4.1	
4.2	
4.3	

#### 5-бөлімше. Курстың оқыту нәтижелері

Курстың оқыту нәтижелері «нәтижеге негізделген оқыту» (Biggs & Tang, 2011, 10-б.) деп аталатын орталық элемент болып табылады. Авторлар баяндап өткендей, «курстың нәтижесі туралы мәлімдеме студенттердің нені меңгергенін, не істей алатынын және қаншалықты жақсы меңгергенін қалай тануға болатынын көрсетеді» (11-б.).

Курстың ОН-і анықталғаннан кейін құрылымдық сәйкестендіруге «оқу жоспарының картасын құру» үдерісі арқылы (Biggs & Tang, 2011) немесе «болжанған нәтижелердің түлектер сипаты, бағдарлама және курс секілді бір-бірімен сәйкесті үш деңгейін тексеру арқылы қол жеткізуге болады» (127-б.). Төмендегі КСФ кестесі оқу бағдарламасын танытуды жеңілдетуге арналған.

Жоғарыда атап өтілгендей, оқу мақсаттары мынадай үш деңгейде құрылымдық түрде келісілуі керек, олар: «университет түлек-



терінің не істей алатыны туралы мәлімдейтін институционалды деңгей; дәреже алатын түлектердің не істей алатыны туралы мәлімдейтін бағдарламалық деңгей; [және] студенттердің аталмыш курс соңында неге қол жеткізетіні туралы мәлімдеме беретін курстық деңгей» (Biggs & Tang, 2011, 113-б.). Институционалды, бағдарламалық және курстық деп аталатын үш деңгей төменде талданады.

Біз бағдарламаның және курстың оқыту нәтижелерін талқыладық. «Түлектер сипаты» категориясы студенттерден күтілетін оқудың институционалды деңгейіне жатады, ол көбінесе «түлектер қалай ойлап, қалай әрекет етеді» деген университет тәжірибесінің жалпы ықпалы ретінде түсініледі (Biggs and Tang 2011, 113-б.). Бұл – «дәреже алудағы ресми оқу бағдарламасының аясында алынған жоғары білім дағдылардың» (114-б.) университет ұсынатын кең тұрғыдағы оқытуы. Мысалы университет студенттерді қызметке, көшбасшылыққа немесе сыни ойлауға берілген жеке тұлға ретінде дамытуға ұмтылуы мүмкін. Бұл оқытудың нәтижелерін әдеттегі жолмен тексеру мүмкін емес, дегенмен портфолиода немесе бағдарлама аясындағы әртүрлі курста көрсетуге болады.

Сонымен, төмендегі 5.2-бөлімінде көрсетілгендей, курс оқытушысы мен білім беру бағдарламасын әзірлеушінің міндеті курстың оқыту нәтижелерін білім беру бағдарламасының оқыту нәтижелерімен және түлектер сипатымен салыстыру болып табылады. Бұл – институционалды, бағдарламалық және курстық деп аталатын үш деңгейлі оқытудың құрылымдық үйлесімділігін танытатын өте тиімді стратегия. Әрине, жекелеген университеттер курстар мен оқу бағдарламаларының ұлттық стандарттарға немесе салалық агенттіктер сияқты сыртқы мүдделі тараптардың сұранысына сай келуін талап етуі мүмкін. Төменде келтірілген мысал Назарбаев Университетіне тән, дегенмен құрылымдық келісім ұстанымына және сіздің жаңа бағдарлама/курс әзірлеп жатқаныңызға немесе бұрыннан барларын сипаттайтыныңызға қарамастан, білім беру бағдарламаларын салыстыру әдісіне сәйкес басқа институционалды мәнмәтіндерге де бейімделуі мүмкін.

5. Курстың оқыту нәтижелері													
5.1	Курстың соңында студенттен күтілетін нәтижелер: 1 2 3												
5.2	<table border="1"> <thead> <tr> <th>Курстың ОН-і №</th> <th>Курстың оқыту нәтижелерімен байланысты бағдарламаның оқыту нәтижелері</th> <th>Курстың оқыту нәтижелеріне байланысты түлектер сипаты</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>1</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>2</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>3</td> <td></td> <td></td> </tr> </tbody> </table>	Курстың ОН-і №	Курстың оқыту нәтижелерімен байланысты бағдарламаның оқыту нәтижелері	Курстың оқыту нәтижелеріне байланысты түлектер сипаты	1			2			3		
Курстың ОН-і №	Курстың оқыту нәтижелерімен байланысты бағдарламаның оқыту нәтижелері	Курстың оқыту нәтижелеріне байланысты түлектер сипаты											
1													
2													
3													

### **Б бөлімі**

*6-бөлімше. Курс бойынша толыққанды ақпарат. 7-бөлімше. Курс жетекшісі және профессор-оқытушылар құрамы*

Аталмыш бөлімшелерді жыл сайын қайта қарастырып (немесе әр курсты жүргізе бастағанда), тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізіп отыру көзделеді. Үлгіні аккредиттеу талаптарына жауап беру үшін мектептер/факультеттер бейімдей алады.

6. Курс бойынша толыққанды ақпарат				
6.1 Академиялық жыл:	6.3 Сабақ кестесі (сабақ күндері, уақыты):			
6.2 Семестр:	6.4 Өткізілу орны (оқу корпусы, аудитория):			
7. Оқытушы				
Лауазымы	Аты-жөні	Кеңсесі	Байланыс туралы ақпарат	Кеңес беру немесе алдын-ала жазылу уақыты
Оқытушы/ оқытушылар				
Оқытушының көмекшісі (лері)				

### 8-бөлімше. Курстың мазмұны

Аталмыш бөлімшеде сабақ кестесі, тақырыптар тізімі және әр сабақтың тапсырмасы ұсынылады. Мұнда курстың мақсатын оның оқыту нәтижелерімен сәйкестендіру маңызды. Студенттер курсқа сәйкес ОН-не қарап, әр аптадағы оқудың жалпы оқыту нәтижесімен қалай байланысты екенін тани алады.

8.	Курстың мазмұны			
Сабақ	Күні (болжаммен)	Тақырыптар мен тапсырмалар	Курстың мақсаты	Курстың оқыту нәтижелері

### 9-бөлімше. Оқу және оқыту әдістері

Аталмыш бөлімшеде оқыту нәтижесінде жетістікке жетуі үшін студенттерді қолдауға арналған әдістер сипатталады. Бұл әдістер оқытудың жалпы оқу жоспарына сәйкес болуы керек, студенттерді аудиториядағы және аудиториядан тыс сабақтарға белсенді түрде тартуды, сондай-ақ әртүрлі топ студенттерінің қажеттілігін де ескеруі тиіс. Мәселен шағын бірлескен зерттеу жобасын немесе студенттердің жеке таныстырылымын қосуға болады. Әдістер мен оқыту түрі, мысалы, студенттердің аталмыш курста оқу тәжірибесі жайлы пікірлеріне байланысты өзгеріп отыруы мүмкін.

9.	Оқу және оқыту әдістері (пайдаланылатын оқу және оқыту тәсілдерін қысқаша жазыңыз)
1	
2	

### 10-бөлімше. Суммативті бағалау

Бұл – формативті бағалаудан гөрі суммативті бағалаудың өте маңызды бөлімі, дегенмен аталмыш кестеге формативті бағалауды қосуға болады (мысалы, 10 тест нұсқасы). Әрбір бағаның «өз салмағы бар» екенін ескеріңіз, яғни ол курс бойынша жалпы бағаның пайызы ретінде өлшенеді. Сондай-ақ жоғарыдағы «Мұғалім кәсібилігі» курсына келтірілгеніндей, әрбір баға курстың нәтижесімен

«байланысты» екенін ескеріңіз. Осылайша, бағалау студенттерге курсқа сәйкес ОН-іне қол жеткізудегі ілгерілеушілікті таныту мүмкіндігін көрсетуге арналған.

10.		Суммативті бағалау		
№	Сабақ	Күні (болжаммен)	Көрсеткіш (%)	Курстың оқыту нәтижелері

### 11-бөлімше. Бағалау

Өте маңызды саналатын бұл бөлімше курстың бағалау межесін және әрбір әріптік бағалаумен байланысты үлгерім деңгейін танытатын кез келген «дескрипторды» қамтиды. Мысалы, «А» әріптік бағалауы 95%-дан 100%-ға дейінгі межеге және «Өте жақсы; тапсырма не курс үшін ең жоғары стандарттардан асып түседі» деген сынды сипаттамаға ие болуы мүмкін. Бұл бағалау межесі жиі стандартталған, ол институционалды деңгейде анықталады.

11.		Бағалау	
Әріптік бағалау	Пайыздық өлшем	Бағалау сипаты (қолданылатын орны)	

Сонымен, біз Назарбаев Университетінде пайдаланылатын Курс спецификациясының формасын ұсындық. Бұл құжат университеттің білім беру бағдарламалары мен курстарын бекіту, сапаны қамтамасыз ету мониторингі және ең маңыздысы білім беру бағдарламалары мен курстарын басқару саясатымен байланысты маңызды да нақты әкімшілік мақсатқа ие. Осылайша, КСФ университеттің жоғары деңгейінен (білім беру бағдарламалары мен курстарын бекіту) мектеп/факультет деңгейіне (сапаны қамтамаыз ету үдерісі), білім беру бағдарламалары деңгейіне (бір бағдарламаның жекелеген курстарын басқару) және курс деңгейіне (бағдарлама туралы ақпарат) дейінгі барлық деңгейде бірдей қызмет атқарады.

Біз жоғарыда талданған «құрылымдық сәйкестікті» көрсететін тарауларда КСФ-нің негізгі бөлімдерін ұсындық.

Құралдан оқырмандар өздеріне қажетті пайдалы ақпарат таба алады деп үміттенеміз.

# ҚОСЫМША

## 1-қосымша

### Курс спецификасының формасы

<b>А БӨЛІМІ: Шешуші</b>			
Аталмыш бөлімнің тармақтары мектептерде (факультеттерде) білім беру бағдарламасы мониторингiнiң бөлiгi ретiнде және бағдарламалар мен курстарға өзгерiстер енгiзу нұсқаулықтарына сәйкес қарастырылып, өңделуi мүмкiн.			
<b>1. Курс бойынша жалпы ақпарат</b>			
1.1	Мектеп:	1.6	Кредиттер (ECTS):
1.2	Курстың атауы:	1.7	Курс коды:
1.3	Пререквизит:	1.8	Жұмыс iстеушi: (жыл)
1.4	Қатысты мәліметтер:		
1.5	Білім беру бағдарламасы: (оның аясында курс ұсынылады)  Міндетті (иә – жоқ) Элективті (иә – жоқ)		
<b>2. Курстың сипаттамасы (150 сөзге дейін)</b>			
<b>3. Суммативті бағалау әдістері (егер қолданылса, белгілеңіз):</b>			
3.1	Емтихан	3.5	Таныстырылым
3.2	Курстық жұмыс	3.6	Топтық бағалау (Peer assessment)
3.3	Жоба	3.7	Эссе
3.4	Зертханалық сабақтар	3.8	Басқа (көрсетіңіз) _____

<b>4.</b>	<b>Курстың мақсаты</b>		
1) 2) 3)			
<b>5.</b>	<b>Курстың оқыту нәтижелелері</b>		
5.1	Курстың соңында студенттен күтілетін нәтижелер: 1) 2) 3)		
5.2	<b>Курстың ОН-і №</b>	<b>Курстың оқыту нәтижелерімен байланысты бағдарламаның оқыту нәтижелері</b>	<b>Курстың оқыту нәтижелерімен байланысты түлектер сипаты</b>
	1		
	2		
	3		

<p><b>Б бөлімі: Шешуші емес</b>  <b>КУРСТЫҢ ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ҮЛГІСІ</b></p> <p>Оқыту, оқу және бағалау мәліметтері  <i>Аталмыш бөлімнің тармақтарын жыл сайын қайта қарастырып (немесе әр курсты жүргізу басында), жылдық жоспар мониторингіне сәйкес өзгерістер енгізіп отырған жөн. Үлгі аккредиттеудің қажетті талаптарына сай болуы үшін мектеп/факультеттерде бейімделуден өтуі мүмкін.</i></p>				
<b>6.</b>	<b>Курс бойынша толық ақпарат</b>			
6.1	Академиялық жыл	6.3	Сабақ кестесі (сабақ күндері, уақыты):	
6.2	Семестр:	6.4	Өткізілу орны (оқу корпусы, кабинеті):	
<b>7.</b>	<b>Оқытушы</b>			
	Лауазымы	Аты-жөні	Кеңсесі №	Байланыс туралы ақпарат
	Жұмыс уақыты немесе алдын-ала жазылу уақыты			
	Оқытушы/оқытушылар			
	Оқытушының көмекшісі(лері)			

8. Курстың мазмұны				
Сабақ	Күні (болжаммен)	Тақырыптар мен тапсырмалар	Курстың мақсаты	Курстың оқыту нәтижелері
9. Оқу және оқыту әдістері (курсты оқытуда пайдаланылатын оқыту және оқу тәсілдерін қысқаша жазыңыз)				
1				
2				
3				
10. Суммативті бағалау				
№	Сабақ	Күні (болжаммен)	Көрсеткіш (%)	Курстың оқыту нәтижелері
11. Бағалау				
Әріптік бағалау		Пайыздық өлшем	Бағалау сипаты (қолданылатын орны)	
12. Оқу ресурстары (дереккөзге толық сілтеме бере отырып, мәтінді/материалды қайдан алуға болатындығын көрсетіңіз)				
Электрондық ресурстар, оның ішінде/өзге де: мәліметтер базасы, анимация, модельдеу, кәсіби блогтар, веб-сайттар, өзге де электрондық анықтамалық материалдар (мысалы, видео-, аудио-, дайджесттер)				
Электрондық оқулықтар				
Зертханалық физикалық ресурстар				
Арнайы бағдарламалық қамтамасыздандыру				
Журналдар (электрондық журналды қоса алғанда)				
Оқулықтар				



<b>13.</b>	<b>Курстан күтілетін нәтижелер</b>	
	Студенттердің сабаққа қатысуы, аудиториялық сабақтағы белсенділігі, топтық жұмыс, кеш жіберілген/мүлдем орындалмаған тапсырмалары бойынша курстан күтетін тізімін жасаңыз.	
<b>14.</b>	<b>Академиялық адалдық туралы декларация</b>	
	<p>Университеттің аталмыш курс студенттерінен академиялық адалдық саясатына бағынуды талап ететін декларациясын жіберіңіз.</p> <p>Сіз 05.02.2014 жылы Академиялық кеңес бекіткен Студенттік тәртіп кодексімен және студенттердің тәртіпті сақтау шараларымен, атап айтқанда 13-16 тармақтарымен (плагиат және алаяқтық) таныса аласыз.</p>	
<b>15.</b>	<b>Электрондық оқу</b>	
	Егер курстың мазмұны мен нұсқаулықтары (толығымен немесе ішінара) сандық және онлайн-тұтынушы арқылы ұсынылатын болса, аталған бөлімді толтырып, үлгіні толықтыратын бөлек құжат тапсыру үшін Оқу технологиясы бөлімінің басшысымен кеңесіңіз.	
<b>16.</b>	<b>Бекіту және қарастыру</b>	
	Бекіту күні:	Хаттамалар №: Комитет:
	Өзгерісті бекіту күні:	Хаттамалар №: Комитет:

## 2-қосымша

### Бағалау критерийлерінің мысалдары

#### 1-мысал: «Менің кәсіби жолым» жазбаша тапсырмасы (40%)

Критерийлер	«Өте жақсы»	«Жақсы»	«Қанағаттанарлық»	«Қанағаттанарлықсыз»
<b>Мұғалімнің кәсіби сәйкестілігі және мұғалім кәсібилігі тұжырымдамасы мен теориясын түсіну</b>	Мұғалімнің кәсіби сәйкестілігі және кәсібилігі тұжырымдамасы мен теориясын терең түсінеді. Басты дереккөздерге сәйкес және релевантты сілтемелерді ұсына алады.	Мұғалімнің кәсіби сәйкестілігі және кәсібилігі тұжырымдамасы мен теориясын түсінеді.  Басты дереккөздерге сәйкес сілтемелерді ұсынады.	Мұғалімнің кәсіби сәйкестілігі және кәсібилігі тұжырымдамасы мен теориясын біршама түсінеді.  Басты дереккөздерге сәйкес келетін біршама сілтеме ұсынады.	Мұғалімнің кәсіби сәйкестілігі және кәсібилігі тұжырымдамасы мен теориясын үстіртін түсінеді/мүлдем түсінбейді.  Басты дереккөздерге сәйкес келетін сілтемелерді мүлдем ұсына алмайды.
<b>Қазақстандағы мұғалімнің кәсіби сәйкестілігі мен мұғалім кәсібилігінің басты мәселелерін білу</b>	Кәсіби сәйкестілік және мұғалім кәсібилігінің негізгі ұғым-түсініктерін Қазақстан жағдайымен жақсы байланыстыра алады. Деректерді эмпирикалық зерттеулердің дәлелдерімен тамаша негіздей алады (мысалы, сұхбат немесе статистикалық талдау негізінде).	Кәсіби сәйкестілік және мұғалім кәсібилігінің негізгі ұғым-түсініктерін Қазақстан жағдайымен байланыстыра алады.  Деректерді эмпирикалық зерттеулердің дәлелдерімен негіздей алады.	Кәсіби сәйкестілік және мұғалім кәсібилігінің негізгі ұғым-түсініктерін Қазақстан жағдайымен біршама байланыстырады.  Деректерді эмпирикалық зерттеулердің дәлелдерімен шектеулі түрде ғана негіздейді.	Кәсіби сәйкестілік және мұғалім кәсібилігінің негізгі ұғым-түсініктерін Қазақстан жағдайымен шамалы ғана байланыстырады немесе мүлдем байланыстыра алмайды.  Эмпирикалық зерттеулерді өте аз пайдаланады немесе мүлдем пайдалана алмайды.

Критерий	«Отлично»	«Хорошо»	«Удовлетворительно»	«Неудовлетворительно»
<b>Саяси немесе практикалық нұсқаулық/ұсынымдар</b>	Қазақстандағы кәсіби сәйкестілік пен кәсібилікті жетілдіру бойынша сауатты саяси және/немесе практикалық нұсқаулық/ұсыным ұсына алады.	Қазақстандағы кәсіби сәйкестілік пен кәсібилікті жетілдіру бойынша кейбір саяси және/немесе практикалық нұсқаулық/ұсыным ұсына алады.	Саяси және практикалық нұсқаулықтарды шектеулі ғана ұсынған Нұсқаулықтарын тыңғылықты талдауға негіздемеген, терең талдамаған.	Саяси және практикалық нұсқаулықтары аз немесе мүлдем ұсынбаған не болмаса ұсынымдарының сапасы тым төмен.
<b>Жазба, АПА стилі</b>	Жазба дәлдікке, айқындылыққа, дұрыстыққа құрылған. АПА стилін қатаң сақтайды.	Жазба дәлдікке, айқындылыққа және дұрыс құрылған. Негізінен АПА стилін басшылыққа алады.	Жазбада бірқатар қателер орын алған, дәлдікті жетілдіру көзделеді. АПА стиліне сүйенуде қателер орын алған.	Жазба тым түсініксіз жазылған, газет хабарын қадағалау қиын. АПА стиліне сүйенуде көптеген қателер орын алған.

## 2-мысал: «Қазақстандағы мұғалім кәсібі» топтық таныстырылымы

Критерийлер	«Өте жақсы»	«Жақсы»	«Қанағаттанарлық»	«Қанағаттанарлықсыз»
<b>Мұғалімнің кәсіби сәйкестілігі және мұғалім кәсібі теориясы мен тұжырымдамасын түсіну</b>	Мұғалімнің кәсіби сәйкестілігі және мұғалім кәсібі теориясы мен тұжырымдамасын терең түсінеді.	Мұғалімнің кәсіби сәйкестілігі және мұғалім кәсібі теориясы мен тұжырымдамасын жақсы түсінеді.	Мұғалімнің кәсіби сәйкестілігі және мұғалім кәсібі теориясы мен тұжырымдамасын біршама түсінеді.	Мұғалімнің кәсіби сәйкестілігі және мұғалім кәсібі теориясы мен тұжырымдамасын үстіртін түсінеді/мүлдем түсінбейді.
<b>Қазақстандағы мұғалімнің кәсіби сәйкестілігі мен мұғалім кәсібінің басты мәселелерін білу</b>	Мұғалімнің кәсіби сәйкестілігі мен мұғалім кәсібі тұжырымдамаларын Қазақстан жағдайымен сауатты байланыстыра алады. Деректерді эмпирикалық зерттеулердің дәлелдерімен тамаша негіздейді (мысалы, сұхбат немесе статистикалық талдау негізінде).	Мұғалімнің кәсіби сәйкестілігі мен мұғалім кәсібі тұжырымдамаларын Қазақстан жағдайымен байланыстыра алады. Деректер эмпирикалық зерттеулердің дәлелдерімен негізделген.	Мұғалімнің кәсіби сәйкестілігі мен мұғалім кәсібі тұжырымдамалары Қазақстан жағдайымен шектеулі ғана байланыстырылған. Эмпирикалық зерттеу дәлелдері аз келтірілген.	Мұғалімнің кәсіби сәйкестілігі мен мұғалім кәсібі тұжырымдамалары Қазақстан жағдайымен аз байланыстырылған/мүлдем байланыстырылмаған. Эмпирикалық зерттеулер аз немесе мүлдем пайдаланылмаған.
<b>Пилоттық зерттеу</b>	Таныстырылымда пилоттық зерттеулердің (сұхбат немесе сауалнама) нәтижелерін тамаша пайдаланған.	Таныстырылымда пилоттық зерттеулердің (сұхбат немесе сауалнама) нәтижелерін жақсы пайдаланған.	Таныстырылымда пилоттық зерттеулердің (сұхбат немесе сауалнама) нәтижелерін қанағаттанарлық деңгейде пайдаланған.	Таныстырылымда пилоттық зерттеулердің (сұхбат немесе сауалнама) нәтижелерін нашар пайдаланған.

Критерийлер	«Өте жақсы»	«Жақсы»	«Қанағаттанарлық»	«Қанағаттанарлықсыз»
<b>Саяси немесе практикалық нұсқаулық/ұсынымдар</b>	Қазақстандағы мұғалімдердің кәсіби сәйкестілігі мен кәсібилігін арттыру бойынша өте жақсы саяси және/немесе практикалық нұсқаулық немесе ұсыным ұсына алады.	Қазақстандағы мұғалімдердің кәсіби сәйкестілігі мен кәсібилігін арттыру бойынша бірқатар саяси және/немесе практикалық нұсқаулық немесе ұсыным ұсына алады.	Саяси және практикалық нұсқаулықтары шектеулі ғана. Нұсқаулықтары тыңғылықты талдауға негізделмеген, терең талдау көрініс таппайды.	Саяси және практикалық нұсқаулықтары аз немесе мүлдем берілмеген, нұсқаулықтарының сапасы төмен.
<b>Таныстырылым, топтық жұмыс</b>	Өте жақсы әрі тартымды таныстырылым, визуалды көрініс, слайд немесе өзге де материалдардың сапасы өте жақсы, үздік топтық жұмыс.	Қатысым деңгейі жақсы, визуалды көрініс, слайд немесе өзге де материалдардың сапасы жақсы, жақсы топтық жұмыс.	Қатысым деңгейі қанағаттанарлық, материалдарының сапасы орташа, қанағаттанарлық деңгейдегі топтық жұмыс.	Қатысым деңгейі нашар, материалдарының сапасы төмен, төмен деңгейлі топтық жұмыс.

Пікірлер: Баға: \_\_\_\_\_ / 30 = \_\_\_\_\_

## Әдебиет

Сағынтаева, А., Мусина, А., Сүлейменова, А., Қаратабанов, Р., Құрақбаев, К., Пристли, Д. (2021). Білім беру бағдарламаларын әзірлеу: жоғары білім берудің жаһандық мәселелеріне жауаптар. Нұр-Сұлтан: Назарбаев Университеті Жоғары білім беру мектебі, 2021.

Anderson, L. W. and Krathwohl, D. R., et al (Eds.) (2001) A Taxonomy for Learning, Teaching, and Assessing: A Revision of Bloom's Taxonomy of Educational Objectives. Allyn & Bacon. Boston, MA (Pearson Education Group).

Biggs, J., & Tang, C. (2011). Teaching for Quality Learning at University. McGraw-Hill Education (UK).

Crouch, C., & Mazur, E. (2001). Peer Instruction: Ten Years of Experience and Results. American Journal of Physics, 69, 970-977.

Nunan, D., Candlin, C. N., & Widdowson, H. G. (1988). Syllabus design (Vol. 55). Oxford: Oxford University Press.

Prince, J.M. and Felder, M.R. (2006) Inductive Teaching and Learning Methods: Definitions, Comparisons, and Research Bases. Journal of Engineering Education, 95, 123-138. <http://dx.doi.org/10.1002/j.2168-9830.2006.tb00884>.

Rhodes, T. (2009). Assessing outcomes and improving achievement: Tips and tools for using the rubrics. Washington, DC: Association of American Colleges and Universities.

Şanal, F. (2016). Syllabus design. Littera Turca Journal of Turkish Language and Literature, 2(3), 187-192. <https://doi.org/10.20322/lt.57312>

Spronken-Smith, R., Angelo, T. Matthews, H, O'Steen, B. & Robertson, J. (2007). How effective is inquiry-based learning in linking teaching and research? Paper prepared for An International Colloquium on International Policies and Practices for Academic Enquiry, Marwell, Winchester, UK, 19-21 April, 2007.

Woolcock, M.J.V (2005). Constructing a syllabus: A handbook for faculty, teaching assistance, and fellows: Brown University. Retrieved from <https://www.brown.edu/sheridan/sites/sheridan/files/docs/constructing-a-syllabus.pdf>

## Авторлар туралы

**Дуйшон Алиевич Шаматов** – Назарбаев Университеті Жоғары білім беру мектебінің ассоциативті профессоры. Доктор Шаматов «Көшбасшылық және зерттеу әдістері» бағдарламасы бойынша магистранттар мен докторанттарға «Білім беру саласындағы көшбасшылық» курсы жүргізеді. Ол – бірқатар кітаптың бірлескен авторы, рецензияланатын журналдарда жарияланған мақалалардың авторы. Қазақстанда, Қырғызстанда, Пәкістанда, Тәжікстанда және Йеменде зерттеулер жүргізіп, кеңес берген. Ғылыми қызығушылығы болашақ мұғалімдерді даярлау, олардың біліктілігін арттыру, оқу бағдарламаларын әзірлеу, білім беру сапасы мен білім алушылардың білімін бағалау мәселелерін қамтиды.

**Зумрад Катаева** – Назарбаев Университеті Жоғары білім беру мектебінің ассистент-профессоры. Қызығушылығы – посткеңестік елдердегі жоғары білімді трансформациялауды, оқытушылардың кәсіби біліктілігін арттыруды, сондай-ақ гендерлік теңдік пен білім арасындағы қарым-қатынасты, жоғары оқу орындарындағы гендерлік мәселелерді өзектендіру болып табылады.

**Джейсон Спаркс** – Назарбаев Университеті Жоғары білім беру мектебінің академиялық мәселелер жөніндегі вице-деканы. Қазіргі уақытта «Жаһандану және жоғары білім», «Жаһандану және тілдік білім» пәндерінен сабақ береді. Доктор Спаркстың ғылыми қызығушылығы жоғары білімді интернационалдандыруға, университеттер мен өндіріс арасындағы серіктестікке қатысты мәселелерді қамтиды.

**Аида Сағынтаева** – Назарбаев Университеті Жоғары білім беру мектебінің деканы. Ғылыми қызығушылығы ұлттық білім беру жүйесін дамытуға, оның ішінде білім берудегі басқару мен көшбасшылықты, академиялық және ғылыми жетістікті, сондай-ақ білім беру ұйымдарының әлеуметтік жауапкершілігін арттыруға қатысты мәселелердің кең ауқымын қамтиды.





## ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰРАЛ

## МЕТОДИЧЕСКОЕ ПОСОБИЕ

**Дуйшон Шаматов  
Зумрад Катаева  
Джейсон Спарк  
Аида Сағынтаева**

**Дуйшон Шаматов  
Зумрад Катаева  
Джейсон Спарк  
Аида Сагинтаева**

Силлабус әзірлеу: силлабус сапасынан  
оқыту сапасына

Разработка силлабуса: от качества  
силлабуса к качеству обучения

Дизайнер Дилара Писарева

Дизайнер Дилара Писарева

Компьютерде беттеген  
Дилара Писарева

Компьютерная верстка  
Дилара Писарева

Басуға ХХ.ХХ.ХХХХ ж. қол қойылды.  
Пішімі 70×100/16.  
Есептік баспа табағы 19,175.  
Офсеттік басылым.  
Әріп түрі «Charter», «Roboto».  
Офсеттік қағаз.  
Таралымы 500 дана.

Подписано в печать ХХ.ХХ.ХХХХ г.  
Формат 70×100/16.  
Усл.печ.л. 19,175.  
Печать офсетная.  
Гарнитура «Charter», «Roboto».  
Бумага офсетная.  
Тираж 500 экз.

Сапасы жөнінде мына мекемеге  
хабарласыңыз:  
Қазақстан Республикасы,  
Назарбаев Университеті  
Жоғары білім беру мектебі,  
050012, Нұр-Сұлтан қаласы,  
Қабанбай батыр даңғылы, 53,  
тел. +7 (7172) 70 66 28  
+7 (7172) 70 93 69.  
e-mail: gse@nu.edu.kz

С претензиями по качеству  
обращаться:  
Республика Казахстан,  
Высшая школа образования  
Назарбаев Университета  
010000, г. Нур-Султан,  
проспект Кабанбай батыра, 53,  
тел. +7 (7172) 70 66 28  
+ 7 (7172) 70 93 69  
e-mail: gse@nu.edu.kz

Тауар сапа және қауіпсіздік  
стандарттарына сай.  
Сертификация қарастырылмаған.  
Сақтау мерзімі шектелмеген.  
«USM Astana» ЖШС-да басылды  
010000, Қазақстан Республикасы,  
Нұр-Сұлтан қаласы,  
Қабанбай батыр даңғылы, 53

Товар соответствует всем стандартам  
качества и безопасности.  
Сертификация не предусмотрена.  
Срок годности не ограничен.  
Отпечатано в ТОО «USM Astana»  
010000, Республика Казахстан,  
г. Нур-Султан,  
пр. Кабанбай батыра, 53

Әдістемелік құралда силлабус әзірлеуге арналған тұжырымдамалар, үрдістер және практикалық нұсқаулықтар ұсынылады. Мамандандыру саласы мен институционалды талаптарына сәйкес университеттердің силлабус әзірлеуде өзіндік дербес стандарттары болатындығы белгілі, дей тұрғанмен аталмыш құралда силлабус әзірлеудегі басты критерийлер мен ережелер толыққанды сипатталып талданады.

